

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

● ПРЕЗИДЕНТ



ҰЛТТЫҚ
МҮДДЕЛЕР
ҮНДЕСТІГІ

2

● БІЗ БІРГЕМІЗ!



ӘЛЕМДІ МЕЙІРІМ
ҚҰТҚАРАДЫ

7

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ
Наурызбай ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жұздесу 15 ақпанда, сағат
9.00-де «Қалқаман-2»
шағынауданы, Талжанов
көшесі, 1 Б мекенжайындағы
№206 мектеп-гимназияда
өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Наурызбай әкімдігінің
Facebook парақшасынан
көруге болады.

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.02.2023

Түнде:



-11-13 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
қар, тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

12.02.2023

Түнде:



-10-12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Тұман, жол
бойында көктайғақ.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



САЙТҚА
ӨТУ ҮШІН
QR-кодты

СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №21 (6314) 11 ақпан, сенбі, 2023 жыл.

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCx2M2x1Chx6Br1JgqyqeA](https://www.youtube.com/channel/UCx2M2x1Chx6Br1JgqyqeA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)

● ӘКІМ

БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ БАР

Алматы қаласының әкімі
Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен кезекті кездесуі
Бостандық ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және өткен жылы
тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді.

4-5

● ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАЛАДА ҚАЛЫҢ ҚАР ЖАУДЫ

оны тазартуға 462 арнайы техника мен
339 жол жұмысшысы жұмылдырылды



Алматыда 9 ақпанда, сағат 21.00 шамасында жауа бастаған
қар 10 ақпанда таңғы сағат 4.30-да тоқтады. Осыған орай,
қала жолдарына көктайғаққа қарсы арнайы қоспалар
себілді. Сағат 6.00-дегі жағдай бойынша көшелерге 2380
тонна арнайы материалдар пайдаланылды.

3

● ҚЫСҚА...

- Президент «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасын қабылдады.
- Ерлан Қарин Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің отырысын өткізді.
- Қазақстандағы жаңа мектептерде ерекше балаларға жағдай жасалады.
- Елде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 401 жаңа мектеп салынады.
- Қазақстан Сирияға 50 тонна гуманитарлық көмек жібереді.
- «7-20-25» бағдарламасы 2029 жылға дейін жалғасады.
- Белгілі журналист Ержұман Смайыл атындағы аудитория ашылды.
- Салық саясатын реформалау бойынша стратегиялық сессия өтті.
- Халықтың үні қызметін атқаратын Омбудсмен институты енгізіледі.
- Өңірлерде көкөністерге тауарлық интервенциялар басталады.
- Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына 153 үміткер ұсынылды.
- Өткен жылы шетелден 7000 тарихи құжат елге қайтарылды.
- Сапалы оқулықтар әзірлеу бойынша баспалар жауапкершілігі күшейді.
- Түркия мен Сириядағы жер сілкінісі құрбандарының саны 21 мыңнан асты.
- Түркияда қазақстандық мамандар үйінді астынан 3 адамды құтқарды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы азаматтық қоғам өкілдері мен журналистерге қарсы бағытталған заңға қайшы әрекеттерді және арандатушылықты әшкерелеу жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Президент Ішкі істер министрі Марат Ахметжановты қабылдады. Осы жылдың қаңтар айындағы криминогендік ахуал туралы ақпарат берген министрдің мәліметіне сәйкес, кешенді алдын алу шараларын жүзеге асыру нәтижесінде кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, тонау, ұрлық, бұзақылық, мал ұрлығы, сондай-ақ көшеде жасалған қылмыстар саны айтарлықтай азайған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа көші-қон жағдайы, ұйымдасқан және есірткі қылмыстарына қарсы шаралар, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен жол-көлік оқиғаларының алдын алу жұмыстарының нәтижелері жөнінде баяндалды.

Марат Ахметжанов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған Президент бекіткен тұжырымдамасы аясында полиция қызметкерлерінің адалдығын тексеру (Integrity check) жөніндегі пилоттық жобаның алғашқы нәтижелері туралы есеп берді. Ол шетелдік автокөліктерді заңдастыру жұмыстарының барысы жайында да айтты. Сондай-ақ, қоғаммен бірлесе отырып, Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024–2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленіп жатқаны туралы баяндады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы азаматтық қоғам өкілдері мен журналистерге қарсы бағытталған заңға қайшы әрекеттерді және арандатушылықты әшкерелеу жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Сонымен қатар, Президент еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

■ ПАРЛАМЕНТ

Қасиетті Түркістанда ұйымдастырылған Орталық Азия мемлекеттерінің бірінші Парламентаралық форумында әңгіме парламентаралық қатынастарды кеңейтудің басым бағыттары және біртұтас рухани-мәдени кеңістікті дамытудың өзекті мәселелері жайлы өрбіді.

Форумға қырғыз, өзбек, тәжік және түркімен делегацияларын тиісінше Қырғызстан Жогорку Кенешінің Төрағасы Нұрланбек Шакиев, Өзбекстан Олий Мажлисі Сенатының Төрайымы Танзила Нарбаева, Тәжікстан Маджлиси намояндагон Маджлиси Оли Төрағасы Махмат-тоир Зокирзода және Түркіменстан Меджлисінің Төрағасы Гурбанмурат Ашыров бастап келді. Алқалы жиынға қатысушылар Орталық Азия елдерінің жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығын нығайту мәселесіне және Парламенттердің осы үдерістегі рөліне маңыз берді. Сонымен қатар, ортақ тарихи-рухани мұраға негізделген мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту барысы сөз болды.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Экономиканы монополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиында көлік, мұнай өңдеу және ақпараттық коммуникация салаларындағы кейбір активтерді мемлекет меншігіне қайтару мәселелері талқыланды. Комиссия төрағасы Әлихан Смайылов уәкілетті органдарға қаралып отырған активтерге қатысты тексеру іс-шараларын жалғастыруды, сондай-ақ олардың кейбіреулерін жеке меншікке берудің заңдылығы турғысынан аудит жүргізуді тапсырды. Бұдан басқа, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі мұнай өңдеу кәсіпорындарына логистикалық және сервистік қызметтер көрсететін доминант компаниялардың тарифтерін реттеу жөнінде ұсыныстар енгізуі тиіс.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша Әлихан Смайылов ел заңнамасына сәйкес қажетті рәсімдерді тездетіп аяқтаудың маңыздылығын атап өтті. Талқылауға орталық мемлекеттік органдардың, Бас прокуратураның, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің, Қаржылық мониторинг агенттігінің, «Самұрық-Қазына» әлауқат қорының, «ҚазМұнайГаз» және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компанияларының басшылары қатысты.

■ САЙЛАУ - 2023

Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен өткен Орталық сайлау комиссиясының отырысында кандидаттарды ұсыну және халықаралық байқаушыларды аккредиттеу қорытындылары туралы ақпарат берілді.

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров мәлімдегендей, Мәжіліске саяси партиялар тізімі тұрғысынан статистика келесідей: «Қазақстан Халық партиясы» – 52 кандидат, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясы» – 54 кандидат, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» – 19 кандидат, «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» – 18 кандидат, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» – 25 кандидат, «Respublica» партиясы» – 25 кандидат, «Amanat» партиясы – 90 кандидат. Әрбір партиялық тізімде үш санаттағы өкілдер саны: әйелдер, жастар, мүгедектігі бар адамдар – жиынтығы бойынша оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрайды.

Әрбір партиялық тізімді тіркеу мәселесі ОСК отырыстарында мемлекеттік органдардың жауаптарының түсуіне қарай егжей-тегжейлі қаралатын болады.

Сондай-ақ, спикер Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша 29 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша 609 кандидат немесе орта есеппен бір мандатқа 21 адам ұсынылғанын, 79 кандидатты 7 саяси партия ұсынғанын, 5 кандидатты төрт қоғамдық бірлестік ұсынғанын, 525 немесе 86,21% – өзін-өзі ұсынғанын хабарлады. Ағымдағы сайлау науқанында республика бойынша 223 мәслихатқа 3415 депутат сайланады, оның ішінде 668 – облыстық мәслихатқа, 617 – қалалық мәслихатқа, 2130 – аудандық мәслихатқа.

Нұрлан Әбдіров ұсынылған ақпаратқа сәйкес тіркелген 7 саяси партияның барлығы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша 29 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісінің 69 мандаты үшін саяси жарысқа қатысатынын немесе орта есеппен бір мандатқа 21 адам ұсынылғанын атап өтті. «Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына кандидаттардың арасында 119 партиялық тізім ұсынылған. Бұл тізімдерде 1471 үміткер бар. Мажоритарлық жүйе бойынша – 11 844 үміткер. Жалпы, Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына 14 207 кандидат ұсынылуда», – деп түйіндеді Нұрлан Әбдіров.

■ ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕР ҮНДЕСТІГІ

Мемлекет басшысы
Орталық Азия Парламенттерінің өкілдеріне
Үндеу жолдады



Түркістанда өткен Орталық Азия мемлекеттерінің бірінші Парламентаралық форумында ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Форумға қатысушыларға арналған үндеуін оқып берді.

Мемлекет басшысы аймақтағы елдер халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан тығыз әрі достық қарым-қатынасы кейінгі жылдарда жаңа деңгейге көтерілгеніне маңыз берді. Мұндай үдеріс аймақтағы елдердің ұлттық мүддесімен толық үндеседі.

**ПАРЛАМЕНТТІК
ДИПЛОМАТИЯ
маңызы айтарлықтай
артып отыр**

«Парламентаралық форумды өткізу халықтарымыздың мүддесіне сай келетін уақытылы бастама. Бүгінгі шиеленіскен геосаяси ахуал және құбылмалы әлемдік экономика жағдайында парламенттік дипломатияның маңызы айтарлықтай артып отыр. Екіжақты келісімдерді қамтамасыз етуде, достық және тату көршілік қатынасты сақтауда, өңірдегі өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуда парламентшілердің қызметі айрықша рөл атқарады.

Қазіргі таңда біздің елдеріміз үшін экономикалық кооперацияны дәйекті түрде дамытудың мәні зор. Бұл ретте өңірлік және шекара маңындағы сауда-саттықты арттыруға, көлік-транзиттік саладағы серіктестікті дамытуға, жаңа бірлескен жобаларды қолға алуға баса мән берген абзал.

Орталық Азияның ортақ рухани мұрасын сақтау және біртұтас мәдени-тарихи кеңістігін қалыптастыру үшін гуманитарлық ынтымақтастықты жаңа қарқынмен жандандыру маңызды», – делінген Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үндеуінде.

**ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ
ФОРУМ
ынтымақтастық бағыттарын
талқылаудың тиімді алаңы**

Мәулен Әшімбаев қазіргі уақыт Орталық Азияның бейбітшілігін, қауіпсіздігін және өркендеуін көздейтін өңірлік кооперацияны дамытудың жаңа кезеңі екенін атап өтті. Спикер мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту мен Орталық Азия елдерінің зиялылары арасындағы диалогты арттыру мәселесіне де назар аударды. Төраға тұжырымдағандай, Орталық Азияның біртұтастығының негізі ортақ тіл мен дінде, этникалық, рухани және тарихи жақындықта жатыр. Бұл форумның парламенттік диалог пен парламентаралық ынтымақтастықтың нақты бағыттарын талқылаудың тиімді алаңы ретіндегі рөлі зор. Осы ретте өңірдегі өзекті проблемалар – трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану, экологиялық және энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешуде тәжірибе алмасу үшін платформаның әлеуетін тиімді пайдаланудың мән-маңызы зор болмақ.

– Жүздеген жылдар бойы Шығыс пен Батыстың арасын жалғазған, орта ғасырларда сауда-саттықтың құрғатамыры саналған Ұлы Жібек жолы Орталық Азияның аумағымен өтті. Соның нәтижесінде біртұтас сауда-коммуникациялық және мәдени кеңістік қалыптасты. Бізді осындай ортақ тарихпен бірге бүгінгі тығыз қарым-қатынасы-

мыз да байланыстырады. Қазіргі таңда Орталық Азия елдерінің мүддесі мен міндеті ортақ. Сондықтан тығыз ынтымақтастық пен сенімге негізделген диалогты нығайту, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге бірлесіп қарсы тұру өңірдің болашағын айқындайтын маңызға ие.

Біздің мемлекеттеріміздің басшыларының екіжақты және көпжақты кездесулерінде де осы мәселелер тұрақты түрде талқыланып келеді. Біз парламентаралық байланыс кезінде осы басымдықты дәйекті түрде ілгерілетуіміз қажет. Бүгінгі Парламентаралық форум Парламент өкілдерінің жүйелі жұмысы үшін тиімді алаңға айналады деп сенемін. Сондықтан осы Форумды Орталық Азия елдерінің бірінде жыл сайын өткізіп тұруды ұсынамыз. Ауқымды жиынды тек астаналарда емес, біздің халықтарымыз үшін киелі саналатын және мәдени-тарихи маңызы зор басқа да қалаларда өткізуге болады. Біздің алағыз көпжақты қарым-қатынасымыздың басым бағыттары Түркістан декларациясында баяндалған, – деді Сенат спикері.

• Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан Парламенттері Палаталарының басшылары қатысқан форумның қорытындысы бойынша қабылданған Түркістан декларациясында экономикалық өзара іс-қимылды кеңейтуге және Орталық Азияның біртұтас мәдени-тарихи кеңістігін қалыптастыруға арналған парламентаралық қатынастарды одан әрі дамыту перспективалары негізделді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАЛАДА ҚАЛЫҢ ҚАР ЖАУДЫ

оны тазартуға 462 арнайы техника мен 339 жол жұмысшысы жұмылдырылды

(Басы 1-бетте)

Ал түнде сағат 1-ден кейін қарды сыпыру жұмыстары жүргізілді. Қалаға жауған қардың биіктігі 15 см болса, таулы жерлерде 20 см-ге дейін қар түскен.

Түнгі сағат 3-тен бастап жол полициясының патрульдік машиналарының ілесіп жүруімен қарды күреу бойынша 19 баған ұйымдастырылып, таңғы 6-да 390 м³ шығарылды.

Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының хабарлауынша, тротуарларды, жалпыға ортақ қоғамдық орындарды, қоғамдық көлік аялдамаларын, жерүсті өткелдерін тазалау жұмыстары жалғасуда. Түнгі уақытта 462 арнайы техника мен 339 жол жұмысшысы жұмылдырылды.



Қар тазалау жұмыстарына таңғы сағат 8-ден бастап 524 арнайы техника мен 1115 жол жұмысшысы шығарылды.

Аудан әкімдіктерінде қар тазалау жұмыстарының жүргізілуін бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

МЕКТЕП

ЖАҢА СПОРТ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

Алматы қаласы Спорт басқармасының №9 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде жөндеу жұмыстарынан кейін гимнастикамен айналысуға арналған жаңа спорт залы ашылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Спорт залда 800-ден астам бала спортпен айналысады. Әлемдік деңгейдегі олимпиадалар мен спорттық жарыстардың

болашақ жеңімпаздары жаттығатын болады.

Ашылу салтанатына Қазақстан гимнастика федерациясының вице-президенті М.Ескендіров, Алматы қаласы «Атамекен» партиясы мәслихатының бұрынғы депутаты Е.Қасымов, Әуезов ау-

даны әкімінің орынбасары Қ.Сағындықов, «Тайшань» компаниясының өкілі Жанг Ли қатысты.

«Тайшань» компаниясының жабдықтары бүкіл әлемге танымал. «Тайшань» фирмасының жабдықтарында қазірдің өзінде әлем және Азия чемпионаттары ретінде әлемдік ауқымдағы ірі жарыстар өткізілуде. Халықаралық гимнастика федерациясымен танылған және сертификатталған.

«Бүгін спортшылар, жаттықтырушылар мен Қазақстан гимнастика федерациясы үшін қуанышты күн. Біздің компания 45 жылдан бері спортқа арналған жабдықтарды өндіреді. Бұл спорт мектебінен Қазақстанның атын шығаратын спорт майталмандары шығатынына сенім мол», – деді компания өкілі Жанг Ли.

№9 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жанындағы спорт зал 1974 жылы салынған. Залда ашылғаннан бері алғаш рет жөндеу жүргізіліп, гимнастикалық жабдықтар ауыстырылды. Жаңа спорт залында ұлттық құрамалардың спорттық, батуттық гимнастика және спорттық акробатика бойынша жаттығуларын өткізу жоспарлануда.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛДАР УАҚЫТША ЖАБЫЛДЫ

Автожолдарда 337 техника мен 636 маман жұмыс істеп жатыр

KazAvtoJol мәліметінше, 10 ақпан күні сағат 10.00-дегі ақпаратқа сәйкес, 3 облыста қар, боран және жолдың нашар көрінуіне байланысты республикалық маңызы бар автожолдардың 5 учаскесінде жол қозғалысына уақытша шектеу енгізілді. Автожолдарда 337 техника мен 636 маман жұмыс істеп жатыр.

Алматы облысында – 2 учаске:
– тіркемелі, жартылай тіркемесі бар жүк автокөліктері үшін «Алматы–Өскемен» тасжолы, Қонаев–Шенгелді учаскесі;
– автокөліктің барлық түрі үшін «Алматы–Шелек–Қорғас» тасжолы Байсейіт–Қорғас арасы;
Жамбыл облысында – 1 учаске:
– көліктің барлық түрі үшін

«Алматы–Ташкент–Термез» тасжолы, Кенен–Благовещенка арасы, (қозғалыс ескі Қордай асуы арқылы жүзеге асырылады);
Жетісу облысында – 2 учаске:
– тіркемелі және жартылай тіркемесі бар жүк автокөліктері үшін «Алматы–Өскемен» тасжолы, Шенгелді–Қарабұлақ арасы;



– Алматы–Өскемен» тасжолы, Қарабұлақ–Үшарал арасы.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев Алматы қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орнатудың жаңа қағидалары туралы айтып берді.



ТАЛАП – БАРШАҒА ОРТАҚ

Алматыда стационарлық емес сауда нысандарын орнатуға және оның сыртқы түріне қойылатын талаптар жарияланды

2023 жылдың 24 қаңтарынан бастап, Алматы және қала маңындағы аумақта стационарлық емес сауда объектілерін орнату қағидалары күшіне енген. Жаңа Ереже стационарлық емес бөлшек сауда нысанының сыртқы түріне қойылатын талаптарды белгілейді (СЕСН). Стационарлық емес сауда нысанының эскиздік жобасы аумақтың сәулеттік-көркемдік келбетін, эстетикалық сипаттамаларын (пайдаланылатын жабдықтың түрі, оның пішіні, параметрлері (өлшемдері), пропорциялары, масштабы) сақтай отырып, қасбеттердің сызбасы мен нысанның стилі, сондай-ақ айналадағы ғимараттардың сәулеттік және қала құрылысы шешіміне сәйкес келуі керек.

«Кәсіпкерлік субъектілері стационарлық емес сауда объектілерін орнату кезінде жаяу жүргіншілердің еркін жүріп-тұруын (жаяу жүргіншілер тротуары бөлігінің ені кемінде 1,5 метрді құрайды), мүгедектерге және басқа да аз қозғалатын топтарға, халықтың, төтенше жағдайларда арнайы көліктердің кедергісіз кіруіне, өрт сөндіру бөлімшелеріне, апаттық-құтқару құралдарының қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарға кіруіне жағдай жасауды қамтамасыз етуі керек.

Айта кету керек, стационарлық емес сауда нысандарын орнату мен орналастырудың жаңа ережелері елімізде алғаш рет енгізіліп отыр. Жаңашылдық «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңға сәйкес мүмкін болды», – деп нақтылады Б.Солтанбаев.

Сонымен қатар, жаңа Ережелерге сәйкес, тауарлардың ұқсас ассортиментін сататын ұқсас стационарлық бөлшек сауда нысандарының болмауы орналасу орындарын анықтаудың міндетті шарты болып табылады. Қоғамдық тамақтандыру объектілері сондай-ақ орналасқан жерінен жиырма метрден аспайтын қашықтықта инженерлік желілерге (су құбыры, кәріз, электр қуаты) қосылу нүктелерін қажет етеді.

ЗАҢСЫЗ САЛЫНСА, БҰЗЫЛАДЫ

Брифинг барысында Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев ағымдағы жылдың екінші тоқсанынан бастап Алматыда заңсыз салынған сауда нысандарын демонтаждау басталатынын хабарлады.

Спикердің айтуынша, 2022 жылы жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша мегаполисте 500-ден астам заңсыз орнатылған стационарлық емес сауда нысандары анықталған. Бұл ретте заңсыз орнатылған павильондар, дүңгіршектер мен киоскілер электр желісіне қосылған, кейбірінде жылу бар.

КЕРЕК ДЕРЕК

Өткен жылы жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша мегаполисте 500-ден астам заңсыз орнатылған стационарлық емес сауда нысандары анықталған.

«Біз қазірдің өзінде заңсыз стационарлық емес сауда нысандарының меншік иелерімен өз еркімен демонтаждау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Сондықтан алдағы уақытта стационарлық емес сауда нысандарын өздігінен салуды болдырмау үшін Алматының Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы стационарлық емес сауда нысандарын орналастыру схемаларын әзірлеуде. Осылайша

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Ережеге бағынбайтын саудагерлерге қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 204 және 505-баптары бойынша айыппұл түріндегі әкімшілік шаралар қолданады.

енді стационарлық емес сауда нысандарын қатаң түрде осы схемаға сәйкес орнатуға рұқсат етіледі», – деді Б.Солтанбаев.

Орналастыру схемалары бекітілгеннен кейін 2023 жылдың екінші тоқсанында жергілікті атқарушы органдар заңсыз стационарлық емес сауда нысандарын демонтаждау жұмыстарын бастайды. Мұндай «нүктелер» инженерлік желілерден ажыратылады.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ҚР ӘҚБтК-тің 204-бабы – ескерту немесе 5 АЕК көлемінде айыппұл, қайталаған жағдайда айыппұл – 10 АЕК.
ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабы бойынша – жеке тұлғаларға ескерту немесе айыппұл салу – 20 АЕК, ШКС – ШКС – 30 АЕК, ОКС – 50 АЕК, қайталап бұзған жағдайда жеке тұлғалар үшін айыппұл – 30 АЕК, ШОК – 40 АЕК, ӘҚК – 50 АЕК.
1 АЕК = 3450 теңге.

Бетті дайындаған
Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ӘКІМ

БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІҢ

Алматы қаласының әкімі Бостандық ауданының

(Басы 1-бетте)

ЖАРЫҒЫМЫЗ СӨНБЕСІН

Мегаполистегі ең іргелі аудан болып саналатын Бостандық ауданы үшін ең өзекті мәселелер – инженерлік коммуникацияларды жаңғырту, жол және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, қоғамдық кеңістіктерді құру және жалпы ауданды абаттандыру.

Өткен жылы ауданда Ерғожин, Ганди, Ғабдуллин, Могилевский, Сәтбаев көшелерінде және «Орбита-4» шағынауданында 1,6 шақырым жылу желілері қайта жаңартылды. Электрмен жабдықтаудың 4,8 шақырым кабельдік желісін төсеу аяқталды. Бүгінде «Алмагүл» қосалқы станциясына электр қуатын беру жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылдың маусым айында қосалқы станция іске қосылса, онда ауданның 200 мыңға жуық тұрғыны электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етіледі.

Жалпы, Бостандық ауданының тұрғындарына коммуналдық қызметтерді жеткізу сапасын арттыру үшін 2023 жылы 26,5 шақырым инженерлік желілерді қайта жаңарту жоспарланған. Қабылданған шаралар ауданның 150 мыңға жуық тұрғынын сапалы сумен және жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6 МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРЕДІ

Қала басшысы ауданның мектептері мен мектепке дейінгі ұйымдарында орын тапшылығы проблемасын жүйелі шешу үшін 8600 орынды 6 жаңа мектеп және 980 орынды 4 балабақша, сондай-ақ 400 орынды 8 жекеменшік балабақша салу көзделіп отырғанын атап өтті.



Ал «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 4200 орынды 3 мектеп салу жоспарлануда. Құрылыс жұмыстары биылғы қыркүйекте басталады.

Жароков–Левитан көшелерінің қиылысында 1200 орынды және «ADK» сауда орталығы ауданында 900 орынды екі мектеп салу мәселесі қарастырылып отыр. «РАМС Қазақстан» ЖШС жыл соңына дейін 1100 орынды мектептің және 240 орынды 2 балабақшаның құрылысын аяқтайды. Бұрынғы №1 балалар үйінің ғимаратын 440 орынды балабақшаға айналдырып жаңғырту жұмыстары биылғы шілдеде қолға алынбақ.

«Мектеп автобусы» жобасы аясында Бостандық ауданындағы ең мұқтаж 8 мектепке 19 автобус бөлінеді. «№189 және №190 мектепке автобустар наурыз айында, қалған 6 мектепке осы жылдың сәуір

айында беріліп, 986 баланы тасымалдайды», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Медициналық қызмет көрсетудің қамтамасыз етуі үшін биылғы наурыз айында Балаларға шұғыл медициналық көмек орталығының операциялық блогы бар қабылдау бөлімінің корпусы мен 300 адам келетін әйелдер консультациясының перзентхана бөлімінің құрылысын аяқтау қарастырылуда. Бұдан басқа, биыл 5 денсаулық сақтау нысанын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу жобалануда.

ЖОЛ ЖӨНДЕЛІП, АВТОБУСТАР ЖАҢАРДЫ

Ауданда жол инфрақұрылымын дамыту әлі де өзекті мәселе болып қалып отыр. Өткен жылы ұзындығы шамамен 23 шақырым болатын 22 көшеге орташа жөндеу

жүргізілді, жалпы ауданы 8 мың шаршы метрден асатын 65 көшеге ағымдағы жөндеу жасалған. Биыл ұзындығы 15,5 шақырым болатын 31 көшеге орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда. Сондай-ақ, Есентай өзені арқылы өтетін көпір 2 жаяу жүргіншілер көпірі құрылғыларымен және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған пандустармен қайта жаңартылмақ. Нысан бойынша ЖСҚ ақпан айының соңына дейін аяқталады деген болжам бар.

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша 15 көлік бағытында (212 жаңа автобус) жылжымалы құрам жаңартылды.

ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН КАМЕРАЛАР КӨБЕЙЕДІ

Ауданда үнемі су басып қалатын орындар мәселесі белсенді түрде

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың баяндамасынан кейін сұрақ-жауап сессиясы басталды.

Ең алғашқы тұрғындардың бірі қаладағы ғимараттардың сейсмикалық қауіпсіздігі туралы сұрақ қойды.

– Неліктен қаланың бас жоспарында ғимараттардың сейсмикасы ескерілмейді? Қазір Түркия бұл өте қауіпті екенін көрсетті. Неліктен сейсмология Бас жоспарда ескерілмейді? – деп сұрады белсенді Екатерина Железина.

– 2021 жылдан бастап микросейсмозондаудың жаңа картасы бекітілді, онда барлық ақаулар жазылған. Қаладағы ғимараттардың көпшілігі ұзақ уақыт бұрын салынған. Алматыда ғимараттарды сейсмикалық күшейту жұмыстары жүріп жатыр. Қала ҚазНИСА қойған талаптарға сай өмір сүреді. 2017–2018 жылдары аудит жүргізілді. Ағымдағы жылдың екінші жартысында қаланың жаңа сейсмикалық аудитін бастаймыз. Алматыда 2020–2021 жылдары жаңа тектоникалық жарықшалар пайда болды. Бас жоспарда сейсмика бойынша барлық қажетті талаптар ескерілді – Абай көшесінен жоғары 10 балл, 9 баллдан төмен, – деп жауап берді қала басшысы.

Келесі тұрғын қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен адамдардың атынан өтініш айтты.

– Біз қаңтар оқиғасы кезінде жақындарын жоғалтқан адамдардың атынан келіп отырмыз. Былтыр жаз кезінде сізбен кездестік, бірақ ол кезде тергеу істері өтіп жатқандықтан, жауап ала алмадық. Біз асыраушысыз қалдық. Сізбен қашан кездесе аламыз? Екіншіден, Алматы облысында бір реттік көмек көрсетіліп жатыр. Қала әкімдігінен бізге де сондай көмек болса, – деді ол.

– Менің кездесу кестем бар. Ақпан айындағы кездесу күніне жазылсаңыздар, қабылдаймын. Бір реттік көмекке келсек, қазір мәслихат жоқ. Олар наурыз айында



сайланғаннан кейін бұл сұрақты қарастырайық. Бірақ бәрі заң жүзінде болуы керек. Облыс ақшасы резервтен бөлінген. Толығырақ сіздермен ақпан айында кездескенде сөйлесіп шығамыз, – деді Е.Досаев.

Күлпан есімді тұрғын өз кезегінде қазақтілді мектеп-гимназиясын ашуды өтінді.

– «Орбита» ықшамауданында тұрып жатқаныма 40 жыл болды. Біздің ықшамауданда 6 мектеп бар. Оның 4-еуі орыстілді, 2-еуі қазақтілді. 4 орыстілді мектептің екеуі де жалпы білім беретін мектептер. Біздің тұрғындар гимназияға бару үшін басқа ауданға, не тек орыстілді мектепке баруға мәжбүр. Қазір №145 жалпы білім беретін мектепте жөндеу жұмыстары жүріп жатыр екен. Соны неге гимназия қылмасқа? Сосын сейсмақбырғаларын дұрыстасаңыздар. Мен 32 жылдай жұмыс істеймін, сондықтан біздікі нашар екенін білемін, – деді Күлпан.

Бостандық ауданы тұрғынының сұрағына Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева жауап берді.

– Айтылған шағынауданда екі мектеп бар – №40 және №145. Екеуі де толықтай қазақтілді. Бірінші №40 мектеп күрделі жөндеуде болды, енді №145 мектепте жүріп жатыр. Дәл қазір оның біреуін гимназия жасағанда, балалар сыймай қалуы мүмкін. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң, екі мектептің оқу жетістіктерін қарай отырып, біреуін гимназия жасау алдағы жоспарда бар.

Келесі тұрғын аудан аймағында балабақшаларды көбейтуді сұрады.

– «ADK» ойын-сауық орталығы жақта үлкен тұрғын үйлер салынып жатыр. Бірақ осы аймақта балабақша, мектептер жетіспейді. Біз сияқты жас ата-аналар балаларын берейін десе, аздық етеді, – деп шағымданды ол.

Қала әкімі 300 орынды балабақшаның құрылысы жүріп жатқанын айтты.

– 300 орынды балабақша салынып жатыр. Мердігер барлық жұмыстарды аяқтап, біздің қарамағымызға берсін, сосын балаларды кезекпен қабылдай бастайды. Оған қоса, аудан бойынша 900 орынды және 1200 орынды жаңа екі мектеп ашып береміз, – деді қала әкімі.

Зарина есімді келесі тұрғын өзі тұратын үй аумағында жөндеу жұмыстары жүргізілмегенін айтты.

– Аты-жөнім – Зарина Әлмешова. Назарбаев даңғылындағы 89/1 үйдің аумағында жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Аудан әкіміне айттық, бірақ еш өзгеріс жоқ.

– Бұл жұмыстар былтыр істелуі керек болған. Бірақ конкурстық жұмыстардың созылуынан келісімге тек қазан айында қол қойылды. Жаңбыр-қар кезінде жұмыс істеу қиындық тудырғандықтан, жұмыстар осы жылға ауыстырылды. Мердігер анықталды, енді тек жақсы ауа райын күтіп отырмыз, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

– №17 емханаға барап қараламыз. Бірақ біз үйімізге жақын емхана болса дейміз.

– Гагарин–Левитан қиылысынан жер телімін сатып алдық. Осы жылдың күзіне шейін жобалық сметалық құжаттарымызды дайындайық. Сосын жұмыстарды бастаймыз.

«Ремизовка» тұрғыны:

– Балаларымыз №70 мектепке барып оқиды. Біздің өтінішіміз – саяжайға дейін маршрут созып берсеңіз. Себебі, таңертең және кешке қайту, келу өте қиын. Бала тұрмақ, кейде машиналар өзімізді, үлкендерді қағып кете жаздайды. Екінші сұрағым: жолдасымның анасынан мұрагерлікке қалған жер телімі бар еді, соны заңдастыра алмай жүрміз. Көмектессеңіз.



ШЕШІМІ БАР

тұрғындарымен кездесті

шешіліп жатыр. ТЖ желісі бойынша осы мәселені жедел шешу үшін өткен жылы коллекторларды, арналарды қалпына келтіру және арық желісін салу жұмыстары басталды. Ауданда су басуға бейім 16 учаске анықталды. Бүгінде 913 метр арық желілерін қайта құру және салу есебінен 5 учаске жойылды. Ағымдағы жылдың наурыз айының соңына дейін Тимирязев пен Айманов көшелерінің қиылысында тағы 1 учаске реттеледі. Қалған 10 учаске 2023 жылдың соңына дейін жойылады.

Бейнебақылау жүйелерінің желісін кеңейту үшін 2022 жылы ауданда 301 бейнебақылау жүйесінің камерасы орнатылды. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін жаңа АӨСПК бейнекамераларын (шамамен 700–800 бейнекамера)

орнату үшін мекенжайлар тізімі қосымша дайындалады.

СПОРТ ЖӘНЕ ОЙЫН АЛАҢДАРЫ САЛЫНАДЫ

Әкіммен өткен тұрақты кездесулер барысында тұрғындар жайлы қалалық ортаны дамыту жөнінде тілектерін білдірді. Тұрғындардың жайлы тұруы үшін қоғамдық кеңістіктің 3 нысанын абаттандыру жоспарлануда. Жаңа жобалардың қатарында ұзындығы 7,1 шақырым Үлкен Алматы өзенінің жағалауы бар. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында өткен жылы 800 млн теңге сомасына 21 жоба іске асырылды. Ағымдағы жылы аталған бағдарлама аясында тұрғындардың өтінімдері бойынша 17 жоба іріктелді. 6 қоғамдық кеңістік жаб-

дыкталады, 10 спорт және ойын алаңы салынады, сондай-ақ 1 тереңдетілген контейнер алаңы орнатылды.

МУНИЦИПАЛДЫ ПАРКИНГ АШЫЛАДЫ

Алматыда алғашқы көп деңгейлі муниципалды паркинг пайда болады. Бұл туралы да шаһар басшысы мәлімдеді.

«Алдыңғы кездесулердің бірінде аудан тұрғындары «Көктем-3» ықшамауданында аяқталмаған паркинг құрылысына қатысты мәселе көтерді. Ұлттық Банк бұл нысанды қаланың балансына берді. 267 тұрақ орнына арналған алғашқы көпдеңгейлі муниципалды паркингтің құрылысы биыл жылдың соңына дейін аяқталады», – деді қала әкімі.

Алматы қаласының әкімімен кездесу барысында тұрғындар ауданды абаттандыру, қаланы сейсмикалық аудит, көшелерді ұзарту, инженерлік желілерді жаңғырту, әлеуметтік кәсіпкерлік және т.б. мәселелерді көтерді.

Қала әкімінің халықпен есеп беру кездесуінде ғимараттарды сейсмикалық төзімділігін күшейту мәселесі де қозғалды. Ерболат Досаев атап өткендей, жаңа бас жоспарда барлық қажетті талап ескерілген. Сонымен қатар, ғимараттарды сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Биылғы жылдың екінші жартысында біз қаланың жаңа сейсмикалық аудитін бастаймыз. Жаңа бас жоспарға келсек, 2020–2021 жылдары Алматыда жаңа тектоникалық ойықтар пайда болғанын білесіздер. Жаңа бас жоспарда барлық қажетті сейсмикалық талап, соның ішінде жаңа ойықтар ескерілген: Абай көшесінің жоғары жағы 10 балл, одан төмен 9 балдық аймақта орналасқан», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

– Ол саяжай массиві, жолдары тар, қоғамдық көлікке айналатын жер жоқ деп отыр әріптестерім. Дегенмен, осы жиынан кейін тиісті мамандар өздеріңізбен бірге сол жерге барып көріп, таныссын. Автобус маршрутын ұзартуға мүмкіндік болса, ол жасағын қарастырады. Бірақ автобустар тұрып қалмауын ескеріңіз. Жер теліміңіз жөнінде айтар болсам, жер комиссиясы өтінішіңізді қанағаттандырмаған болса, онда заңға қайшы болғаны.

– Сәлеметсіз бе, құрметті әкім мырза!

«Магнумның» айналасында бос орындар бар, сол манда қаңғыбас иттер саны көбейіп барады. Бұл жағдай адамдардың жүріп-тұруына қауіпті.

– Аудан әкіміне тапсырма берейін, қандай бос жерлер бар екен. «Магнумның» да басшыларымен байланысқа шығып, тілдесейік. Аудан әкімдігінің қандай мүмкіндігі болады екен, қарастырсын. Мүмкіндігінше бұл мәселені шешуге тырысайық.

«Алмагүл» ықшамауданының тұрғыны:

– Ерболат Асқарбекұлы, Гагарин көшесі, 286-үйдің астында 20 адам кәсіп жүргізіп отырмыз, жалға алып. Енді сол кәсібіміз жабылғалы тұр. «Бәйтерек» дүкенінің астында орналасқан бизнесіміз. Дүкен әкімшісі осынау қыс ішінде бәрімізді қуып жатыр. Қайда барамыз? Ал Қоспаев деген арендаторымыздың өзі іздеуде жүр. Сізден ғана көмек сұрау қалды бізге.

– Бұл мәселе бойынша тапсырма берейін. Барсын, көрсін, таныссын. Көмек беру жолын қарастырайық.

– Саламатсыз ба, әкім мырза! Осымен 3-ші рет келіп отырмын алдыңызға. Бүкіл құжаттарым қолымда. Аға лейтенант Нұрғалымов Ғазиздың анасы боламын. Сіз өткенде Түркісіб ауданында жолыққанымызда, «мәселеніз шешілді, құжаттарыңыздың бәрі алдымда, үй беріледі» деген болатынсыз. Өзіміз отбасылық жатақханада тұрамыз, Торайғыровтың бойында. Оны да 1 наурыздан

бастап босатуымыз керек болып жатыр. Балам 1 топ мүгедегі.

– Осының алдындағы сауал-жауаптардан естідіңіз, үйлер мәселесін. Кішкене сабырмен күтейік. Үйлерді бітірейік. Ал мамыр айына дейін тұруға жалға баспана тауып беруге көмектесейік.

– Айналайын, Ерболат балам! Сізге үш мәрте хат жаздым. Маған үй де, жер де керек емес, менде бәрі бар. Бірақ сізге жазған хатымда, яғни қабылдауыңызға кіру үшін өтінішімнің себебін көрсетуім керек екен. Мен өзіңізге әрдайым тілекші адаммын, сондықтан жеке қабылдауыңызға кіріп, өзіңізге қатысты айтарым бар еді. Міне, мынау хатым. Жеке қабылдасаңыз екен деген аналық тілегім осы.

– Жақсы, апа, қабылдаймын сізді. Хатыңыз да өз қолыма тиеді, әкеліңіз, қалдырып кетіңіз.

Сәуле Қанағатова:

– Біз 286-үйде, Гагарин көшесінің бойында тұрамыз. Онда бұрын «Ганга» дүкені болған. Қазір ол жерге фитнес-клуб ашылған. Иесі сол клубты кеңейткен деп, сыртқы қабырғаларын Гагарин көшесіне қарай 5 метрге жылжытып, ортасын бөліп тұрған барлық аралықтарды алып тастаған. Фитнес-клубтағылар, білесіздер, гантель, жүгіру жолақтары секілді түрлі ауыр-

ауыр темір спорттық жабдықтарымен шұғылданады. Оның бәрі 5-қабатқа дейін естіліп тұрады. Жақында ғана уческелік полициямен барып уақытын шештік, сағат 8-ден 10-ға дейін ғана жұмыс істеуі керек деп. Ал бұрын түнгі 23.00-ге дейін шұғылданатын.

Дүкен астында жертөле бар, ол да жекенің қолына өтіп кеткен. Тереземіздің алдында фитнес-клубтың шатыры орналасқан, үсті жиналмайды, жапырақтарға көміліп тұрады, лас, ұрсысып жүріп жинатамыз әйтеуір. Тереземізге темір торлар қондырып берген, бірақ оны да жапсырып тастаған, тереземізді жуып алуға қолайсыз. Бұл мәселені сонау 2016 жылдан бері айтып келеміз. Өтінішімізден кейін Бостандық ауданынан бір жігіт келіп, фитнес-клубқа да, менің үйіме де кіріп көрді, «бәрі тыныш» деп кетті. Оның жағдайын басқа емес, тұрғындар біз білеміз ғой. Сол фитнес-клубтың орнына тұрғындардың мазасын қашырмайтындай басқа нәрсе жасауға, ашуға болмас па екен?

– Жақсы, апа, міне, осы салаға жауапты үш бірдей әріптесіме тапсырма беремін, бұл сауалыңыз бүгінгі хаттамаға енгізіледі. Жауапты мамандар барын, көрсін, тексерсін, заңға қайшы тұстары қандай, бәрін зерделеп, бір шешім шығаратын болады.

P.S.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен үш сағатқа созылған кездесу барысында аудан тұрғындары жолдарды жөндеу, көріз және электр желілерін абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді. Кездесуге 200-ден астам адам келді. Шаһар басшысы тұрғындардың әрбір өтініш-ұсыныстарын тыңдап, әр түйткілді мәселенің нақты шешілу жолдары жөнінде сала бойынша қалалық, жергілікті жауапты құрылымдық басшылардың пікір-бағдарлары ескеріліп, оң шешімдер қабылданды.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



**Биыл
26,5 ШАҚЫРЫМ
инженерлік желілерді қайта
жаңарту жоспарланған.**



**Өткен жылы ұзындығы
23 ШАҚЫРЫМ
22 көшеге орташа жөндеу
жүргізілді.**



**15 көлік бағытында
212
жаңа автобус жаңартылды.**



**«Жайлы мектеп» жобасы
бойынша
4200 ОРЫНДЫ
3 мектеп салу жоспарда бар.**



**2022 жылы ауданда
301 БЕЙНЕБАҚЫЛАУ
камерасы орнатылды.**



**«Халық қатысатын бюджет»
бағдарламасы аясында
өткен жылы
800 МЛН ТЕҢГЕ
сомасына 21 жоба іске
асырылды.**

Бетті әзірлегендер Нұржамал ӘЛШЕВА,
Досбол АТАЖАН.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫ?



Жаһандану үдерісі тез жүріп жатыр. Соның ішінде балалар тәрбиесінде үлкен өзгеріс байқалуда. Тіпті, психология эрозияға түсіп барады. Құндылықтардың орны алмасуда. Материалдық байлық ілгері кетті, руханият таным-түсінігінің тынысы тарылғандай. Әйтсе де, өрескел олқылыққа бой алдыруға болмас.

Адамзат өркениетінде ілгерілеу үзілген емес. Адам баласы ұдайы бір нәрсені қиялдайды. Тіпті, қисынсыз нәрсе шындыққа айналып жатыр. Оны ойлап табушы – адам. Аянбаған арманды ақиқатқа айналдыруда. Экшн шытырман киноның салдарын тіршіліктен көрудеміз. Аспанға ұшатын, ғаламды шарлайтын тәрелке өмірде пайда болғалы тұр. Бәлкім, бір ғалымның шеберханасында жоба ретінде сынақтан өткізіліп жатқан да шығар. Кім білсін?!

Жаһан жұрты анимация шығаруға бейім. Жапония – Нарутто, АҚШ – Том және Джери, Ресей – Маша мен аю деп тізімді жалғастыра беруге болады. Сырттың насихаты басым. Өзгелердің идеологиясы күшейіп келеді. Бір қараған жанның өзіне бәрі көзге ұрып-ақ тұр. Осы жағы қынжылтады. Осының шешімін тездетіп табу ләзім.

ШЕТЕЛДІК МУЛЬТКОНТЕНТ ШЫРМАП ТҮР

Әрбір қоғамның құндылығы болады. Әр жұрттың өз айнасы бар. Әркім оны әртүрлі түсінеді. Әбден кемеліне келіп, идеологияны қолға алғандар мультфильмді әлдеқашан негізгі құрал етіп алған. Оларға телміріп өскен кішкентайлар кекішіл, ызақор болып бара жатқандай.

Қазіргі мульттоптаманы адам ұғып болмайды. Бәрі шытырман. Оқиға желісі жоқ. Үлкен адамның ығыры шығады. Бір сәт байыз табу қиын. Алайда, бүлдіршіндер түсінеді. Тіпті, көз алмай көреді. YouTube желісінде сан түрлі роликтер, видеолар бар. Шексіз, шетсіз әлем дерсіз. Бүгінгінің баласы құр анимацияға көз тігіп қана қоймайды. Смартфонды ұршықша үйіреді. Қалаған әлеуметтік желісіне кіреді. Ойына келген видеосын көреді. Қанша шектеу енгізеңіз де, көмегі аз. Ғалымдар YouTube желісін көз алмай көріп, ішіндегінің баршасын тауысу үшін 200 жыл уақыт кететінін айтады. Шіркін, зая уақыт десеңізші!

Осы күні қалаған адам YouTube желісіне кіріп, қалаған дүниесін жүктейді. Серверге тіркеліп, аккаунт ашсаңыз болғаны. Қаралым жинаудың да тиімді әдістері баршылық. Лажы болса, баланың миын улайтын, шым-шытырық бөлені салсаңыз жетіп жатыр. Әй сол авторлық құқықтың сақталатын жағдайы онша емес-ау. Себебі, бір көргеніңіз

басқа біреудің вебарнасынан қайталанып шығады. Көп видеороликке күмән басым.

Көбіміз дәстүрлі түрде телеарна көруден қалдық. Күн ұзаққа үйде қабырғаның жартысына жуығын алатын теледидар сайрап тұрады. Балалар маңында дегбірсізденіп ойнайды. Оған ата-ана да үйренген. Бір уақытта барып сөңдіреміз. Сол сәтте сәл ғана құлақ тынышталады. Есесіне, күндіз-түні телефон қолдан түспейді. Үлкені түгілі, бесіктегі баланы жұбату үшін қолына ұстатамыз. Бір қызығы, әлі оң-солын танып үлгермеген сәби соған алданады. Музыка, ән, неше түрлі даңғырақты тындайды. Соған елегзиді. Бір сәт қолынан ала қалсаңыз, жылап айналаны көшіреді. Тәуір дүниені қосып, жасына лайықтыны көрсетсеңіз, көзді ала бере оны ауыстырады. 3 жасар бүлдіршін айналадағы балалармен емес, телефонмен әлек. Ойын баласы деген ұғым көмескіленді. Оның орнына шетелдің шатпайшағы алдантады. Осы жағынан келгенде ойласатын шаруа көп-ақ!

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Қазір интернеттің заманы. Кез келген дүниені ғаламтордан көреміз. Оның үстіне әлеуметтік желі деген дүние бар. АҚШ, Еуропа, Жапония, Оңтүстік Кореяның контенті жаулап тұр. Балаларға «хаги ваги» жақсы таныс. Неге соның орнына отандық мультфильм түсірмеске. Осыны тездетіп қолға алу керек.

Шетелдің мультфильмдерінің әртүрлісі бар. Бірі атысшабысты көрсетеді. Ендігісі сол елдің идеологиясына тікелей бағытталған. Бұлай жалғаса берсе, балапандарымызды біз емес, сырт жақ тәрбиелейтін түрі бар. Бұған әсте жол беруге болмайды. Қайтсек те отандық мульттоптаманы ойлап, ұлттық негізге ыңғайлап шығаруымыз керек.

БАЛАЛАР ӘЛЕМІ

Баланы қызықтырудың неше түрлі әдісі жетерлік. Соның ішіндегі ең қуаттысы анимация екені анық. Сонымен бірге, суреттерді сөйлету қажет. Біз осы бағытта талай ілкімді істерді қолға алдық. Республикалық балалар журналымен де ықпалдастық бар. Бірақ мерзімді басылымдардың тиражы тым құлдыраған. Одан кейін уақытылы оқырманның қолына жетпей жатады. Осы аталған мәселе тезірек шешімін тапса дейміз.

Интернет – көмекші құрал. Мұның тілін игеріп көп дүние жасауға болады. Медиакеністікті дамытып, отандық анимация өндірісін өркендетейік. Әйтпесе, әлгінде айтқан шетелдің медиа нарығы қаптап кетеді.

Біздің небір фольклорлық батырларымыз бен тұлғаларымыз бар. Қазақтың киіз үйі, ат әбзелдері, төрт түлік, дүниетанымы және ата-әже – бәрі тұнып тұрған байлық. Осыны балалардың тілімен көрсете алсақ, тіптен қатып кетер еді.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қазақ анимациясының хал-ахуалы көптен көтеріліп жүрген тақырып. Өзекті мәселені көп ұзатпай шешкен дұрыс. Бұдан әрі сиырқұйымшақтанып кете берсе, ғаламтор кеңістігі де өзгенің ырқын-да кете бермек. Мейлінше мәселенің түйінін тез тарқату уақыт талабы.

Қазақ баласының интернет кеңістігін қолға алатын кез келді. Мүмкін болса, вебнарықты қанағаттандыру керек. Әйтпесе, сырт жақтың үгіт-насихатынан құтылу оңай болмауда. Осының тездетіп алдын алу қажет. Бізге дүниені қирататын қаскөй емес, адамзатты бауырым деп сүйетін, отаншыл, рухты, қайратты, адал ұрпақ қажет. Сонда ғана қазақтың болашағы жарық болмақ. Осыған орай сауалнама әзірлеген едік.



Шолпан СЫРҒАБАЕВА,
ата-ана:

ҚАЗАҚША
МУЛЬТФИЛЬМ
КЕРЕК

Біз жұбайым екеуіміз балашағамыздың бар қамын жасап отырмыз. Әлеуметтік жағдайды қамтамасыз етуге тырысамыз. 4 баламыз ештеңеден таршылық көрмесін дейміз. Пандемия уақытында біраз өзгеріс болды. Сабақты онлайн оқи бастады. Оқшаулау кезінде мектепке бармай, үйден оқыды. Сол кезде телефон, айпап, компьютер алып бердік. Күні бойы экранға телміріп отырды. Арасында қадағалап қоямыз. Бірте-бірте смарт әлемге жақындай түсті. Олардың қолынан жұлып ала алмадық. Бүгінде тіптен үйір болған. Сонда да көзі ауырмасын деп, жиі бермеуге тырысамыз. Алайда, ол мүмкін болмай барады. Көзді ала бере, телефонға телміреді. Жарайды, оған да етіміз үйренді.

Бірде арнайы бала қарайтын мультфильмді көрдім.

Әлгі көк трактор, сол бір тынымсыз, бәрін бүлдіргіш Маша мен аю, адам қорқатын қорқынышты бейнелер тола. Қазақтың жай байыппен көрсетілетіндерін көрмейді. Шыдам жетпейді. Бір дені дұрыс мульттоптаманы байқамадым.

Біздің бір ғана арманымыз бар. Яғни телеарнадан балаларға арналған бірнеше телебағдарлама жұмыс істесе. Ол тек қазақша жүрсе. Қазақ тілінде анимация болса екен. Сонда балаларымызды қазақы тәрбие, иба, ар-ұят сынды қасиеттерге баулуға таптырмас құрал болар еді.



Жуырда осы төңірегінде ой қозғалды. Дәлірек, көптеген мамандар ұсыныс айтты. Елордадағы «Өңірлік мерзімді басылымдар форумы» кезінде анимация саласының маманы, суреткер Оразхан Жақып осы тақырып төңірегінде көлемді, мардымды ойлар айтқан болатын.

● ТҮЙІН:

Қазіргі бала заманына сай. Кейде бізден де ақылды, білгір дерсіз. Өйткені, торапты бізден жетік игерген. Тәуліктің басым бөлігін соған жұмсайды. Өз құндылықтарымызды сақтаймыз десек, мемлекет тарапынан арнайы қолдау болу керек деген ниеттеміз.


БІЗ БІРГЕМІЗ!

ӘЛЕМДІ МЕЙІРІМ ҚҰТҚАРАДЫ

Мегаполисте гуманитарлық көмектерді қабылдау пункттері ашылды


**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Түркияда болған жойқын жер сілкінісінің зардабы жергілікті халыққа оңайға соқпайын деп тұр. Көзі боталап, жасқа тұншығып, туысын іздеп шарқ ұрып жүрген адам қарасы тым көп. Себебі, жермен-жексен болған үйінді астында қалғандар әлі толық шығарылған жоқ. Қар жауып, күн де күрт суытып кеткен.

120 киіз үй

Түркияға әлемнің түкпір-түкпірінен келіп жатқан құтқарушылар, еріктілер 24 сағат жұмыс істеуде. Арасында біздің қазақстандық құтқарушылар да, дәрігерлер де, тіпті, иісшіл иттеріміз де бар.

Біздің елдің құтқарушылары Түркия жеріне жеткен бойда бірден алты, тоғыз қабатты үйлердің астын қарауға, адамдарды шығарып алуға кірісіп кеткен. Талай адамды аман-есен жақындарына қосып жатыр.

Өздеріңіз де әлеуметтік желіден көрген боларсыздар, Джейкоб деген иісшіл ит қираған көпқабатты үйдің астында қалған адамның тірі екенін сезіп, құйрығын тынымсыз бұлғаңдатып, ары-бері тағатсыз-дана жүгіріп жүр, тесіктен көрінген әлдебір киімді тістеп алып тартқылап жатыр.

Айтпақшы, қазақстандық құтқарушылар қазір опырылып түскен, қираған тас бетондардың астында қалған адамдарды іздеуге таптырмас құрал – акустикалық құрылғыны пайдалануда. Бұл ерекше құрылғы болмашы сыбдырды, әлсіз дыбысты, адамның демін, жүрек қағысын да «қағып» алады екен.

Кеше журналист Нұрбек Бекбау бастаған қоғам белсенділері қазақстандықтардан жиналған қаражатқа 120 киіз үй сатып алып, Түркияға жөнелтетіндерін мәлімдеді. Ал бір кәсіпкеріміз сол киіз үйлердің ішіне қоятын жылыту пештерін алып бергелі жатқан көрінеді.

Бауыр деген қандай-ды!

Әлеуметтік желіде зілзаладан кейінгі фотолар, әсерлі бейнежазбалар көптеп жариялануда.

7 жасар қыз бала 17 сағат бойы қираған үйіндінің астында қалса да, кішкентай сіндісінің басын нәзік қолымен көлегейлеп, қорғап жатыпты. Бауырға деген қамқорлығынан айналдық! Өздерін құтқаруға келген үлкендер оларды оқыс қимыл жасап қоймаса екен деп әңгімеге тартып, алдарқатып тұр. Сонда балдырған: «Бізді құтқарып алыңызшы, не айтсаңыз да орындаймыз, күңіңіз болып өтейін», – деп жалынышты үнмен өтінгенде, сол жерде тұрғандардың көзіне жас алмағаны болмаған шығар, сірә!



Кахраманмараштағы үйіндінің астында 55 сағат бойы жатқан 13-тегі Берат есімді өжет ұл да құтқарылды. Ол жер бетіне шыққанға дейін қолынан сүйікті тотықұсын тастамаған. Құтқарушылар дереу баланың даусы шыққан жерге жетіп, үш сағаттан соң шығарып алған. Жас-өспірім құтқарушылар арасында жүрген ақ халатты дәрігерді де көріп қалып, дереу тоқтатып, қолындағы тотықұсын ұстатып жатыр. Ал әйел мейірімді баланың құсына бір тілім нан және су берді.

Кеше Сирияда болған зілзала кезінде үйінді астында босанып қалған әйел туралы жазғанбыз. Өкінішке қарай, жас ана сол жерде көз жұмған, ал шақалақтың көрер жарығы бар екен, тірі. Тіпті, марқұм шешесінің кіндігі де үзілмеген күйі табылды. Енді сол нәрестені (отбасы түгел мерт болған деседі) Ливан елінің белгілі әншісі Полина Киро бауырына басып, асырап алғысы келетінін мәлімдеген. Айтпақшы, сәбиге Айя (жергілікті тілде «ғажайып» деген мағына береді екен) деген есім беріліпті.

Хатай қалашығында тұрған сегіз адамнан тұратын отбасында (әке-шеше, үйелмелі-сүйелмелі алты бала) 2 жастағы Мұхаммед қана тірі қалған.

Үйінді астында қалып көз жұмған кішкентай қызының қолынан ұстап мең-зең отырған әкенің суреті де әлемді жылатқаны анық.

Алматы еріктілері де атқа қонды

Ең өкініштісі – қаза көбейіп, қасірет қанат жайып барады. Түркияда опат болғандар саны 17 мыңнан асып кетсе, Сирияда мерт болғандар 2500-ден көп.

Әрине, мұндай жағдайда шет қалмақ емеспіз. Былғы 8 ақпанда Алматы қаласында Түркиядағы жер сілкінісінен зардап шеккен жандарға гуманитарлық көмек жинау жұмыстары басталды. Мегаполистегі гуманитарлық көмекті қабылдау пункттері:

– Байтұрсынов көшесі, 22к1, 2-қабатта орналасқан Алматы волонтерлерінің фронт-офисі (байланыс телефондары: 8 747 821 64 78; 8 747 540 01 40);

– Ахметов көшесі, 51-үйде ірі көлемдегі үлкен жүктерді қабылдайды.

Фронт-офис негізіндегі қабылдау пунктіне кез келген адам Түркияның Қазақстандағы елшілігі ұсынған тізім бойынша кез келген мөлшердегі заттарын алып келе алады. Қабылдау уақыты – сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

Бүгінгі күні Алматы қаласының Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының белсенділері, «Қазақстан волонтерлар лигасы» ҚҚ, «QAMQOR CHARITY» ҚҚ, «Медициналық жастар» ҚҚ сияқты ірі волонтерлік ұйымдардың еріктілері және т.б. волонтерлар штабының жұмысына белсене қатысуда. Қала еріктілері гуманитарлық көмек жинау үшін ақпараттық бейнероликтер мен плакаттар дайындады.

Волонтерлар чаттар мен әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдарды тарату жұмыстарын бастады. 50 тәжірибелі ерікті қабылдау пункттерінде түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және заттарды сұрыптауға үйретілді. Гуманитарлық көмек Түркияның Қазақстандағы елшілігі ұсынған тізім бойынша қабылданады. Қазіргі уақытта зілзала құрбандарына гуманитарлық көмек көрсету үшін ең алдымен – үлкенге де, кішіге де қыстық киімдер, әрі жаңа болуы керек, пальто, күртеше, етік, жемпір, шалбар, қолғап, шарф, бас киім, шұлық, ішкіім және басқа да аса қажет киімдер; көрпе, ұйықтауға арналған қаптар; термостар, фонарь, қуаттағыш заттар; памперстер, жеке және әйелдер гигиенасы құралдары болса, құба-құп.

Әлемді мейірімділік құтқарады. Адамзаттың аман болуына тегіс атсалысайық!



САУАЛНАМА

БРИФИНГ

СЕНІМ ДЕ, СЕРПІЛІС ТЕ БАР

Партиялық тізіммен де, жеке өтінішпен де сайлауға түсу жолға қойылғаны қуантады



Алда болатын үлкен сайлау додасы да таяп қалды. ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттарын сайлаймыз. Осы елдің ауасын жұтып, суын ішіп отырған кез келген азаматтың «мемлекет, қоғам ілгері дамысын, халықтың әлауқаты қазіргіден де жоғары деңгейге көтерілсін» деген тілектен екені сөзсіз. Сондықтан біз бүгін ақын, қоғам қайраткері Дәулетбек БАЙТҮРСЫНҰЛЫН осы сайлау туралы азаматтық пікірін, жалпы елдік тұрғыдағы ойларын білмекке сұхбатқа шақырған болатынбыз.

1 «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» дегендей, бұл жолғы сайлау тіптен бөлек болайын деп тұр.

Айтып-айтпай, қаңтар оқиғасы дәуір бөлгіш сипатымен тарихта қалатын болды. Отыз жылдың алатын орны, берілетін баға бәрі алда болады. Қазақстанның тәуелсіздік дәуірі күні ертең «Қаралы қаңтарға дейін және одан кейін» болып сарапталады, сапқа тұрғызылады. Ештеңе де тасада қалмайды, әр нәрсе өз орнын табады.

Иә, былтырғы 2022 жыл саяси реформалармен басталған. Әуелі Мемлекетіміздің Президентін мерзімінен бұрын сайлап алдық. Алдымыздағы жеті жылға мандаты беріліп, бар билік қолына өтіп, «екі президент басқарған» заман артта қалып, батыл қадамдар жасалуда. Енді міне, 2023 жылға қадам қойған сәттен бастап, саяси реформаны онан ары тереңдете түсу мақсатында Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын жаңа бастан сайлауға шешім қабылданды. Осы кезге дейінгі тек қана партиялық тізімнен өтетін депутаттар ендігі жерде көлемін ұлғайтып, мазмұнын байытты. Сайлауға жеке тұлға ретінде қатысуға заңды түрде рұқсат берілді. Жастар мен жасамыстардың санына, ер мен әйелдің салыстырмасына нақтылы көрсеткіштер қойылды. Бұл жаңалық қоғам мүшелеріне сенімділік орнатып, серпіліс тудыруда.

2 Бұрын тек қана партиялық сайлауға ден қойылып, жұрт партияларға дауыс береді де, кімнің депутат болатынын білмейтін. Партия өз үлесін алған соң тізімді өздері жасап шығады. Олар халықтың күткен адамы ма, әлде көлденең көк атты ма? Кімнің сойылын соғатыны белгісіз болушы еді. Ол жағына ешкім кепілдік бере алмайды. Билік пен бұқараның арасында тіке байланыс болмай қалады да, жұрттың тілегі тасада қалып, биліктің үстемдігі алдыға озады. Сайлаушылар ол адамдарға қанағаттана ма, жоқ әлде іштей жаратпай, үмітсіздікпен қарай ма? Кейде осы жағы ескерусіз қалып, басабилеушілік бедеу алатын. Өткен сайлау кездерінен көңілде алаңдаудың сызын, жауапсыз түйткілдердің болғанын жасыра алмаймыз. Бұл жолы басқаша бағытпен өрбіді. Партиялық тізіммен де, жеке өтінішпен де сайлауға түсу жолға қойылып отырғаны қуантады. Таңдау бар, билік пен халықтың арасына көпір салынады. Бұқара мен билік арасы зәулім қамал емес, қайта беті ашық көпір ретінде «тыңдайтын үкіметтің» алғы шарттары қалануда.

Демократиялық ел болған соң пікір алуандығы, ой еркіндігі, көзқарастың түрліше болуы заңды құбылыс. Бәріміз бір Отанда, бір аспанның астында өмір сүріп отырғандықтан, бәріміздің осы елге жанымыз ашиды. Лаңкестер мен экстре-

1. Былтырғы жыл саяси оқиғалар мен реформаларға толы болды. Олардың негізгілеріне қалай түсініктеме берер едіңіз?

2. Жаңа құрам билік пен халық арасында алтын көпір орната алады деп ойлайсыз ба? Ел арасында жүрсіз ғой, халық сенімі қандай?

3. Әлеуметтік желіде сайлауға түсетін депутаттардың кәсібилігі туралы жиі талқыланып жатыр. Яғни үміткерлер арасында «әнші де, биші де, спортшы да жүр, ал депутат білікті, елдің ішкі-сыртқы ахуалын да терең білетін адам болу керек» дегенге саяды көп пікір. Бұл жөнінде не дер едіңіз?

4. Мемлекет басшысы айтып отырған Әділетті Қазақстанды қалай құрамыз, ондағы ертең сайланғалы отырған депутаттардың рөлі қандай болмақ?

мистердің, кері төңкерісшілдердің жөні тіптен бөлек. Оны қатаң бақылап отырған заңымыз, темір тегеурінді құқық қорғаушыларымыз бар. Құрықтайды, тізгіндейді.

Ал таным, талғам, ашық пікір білдіру жаулықтан туындамайды. Жаны ашыған кезде ғана жүректі жарып шығады. Әр күні бет-жүзімізді көріп, өзіміздің әлпетімізді ретке келтіріп отыратынымыз секілді, оппозиция деген жанымыздан тастамайтын айна. Ол әр мемлекетте болатын тұнық Айна. Ол айнаға қараудан именбеуіміз керек. Ол айна ұстарасыз өсіп кеткен шаш-сақалымызды қиып отыруға, күйе жағылып, кір шалған бетімізді тазартып отыруға көрсететін пайдалы құралымыз болып саналады. Олар биліктің креслосында ұзақ отырып қалған адамның көрмегенін көреді, жетпегенін жеткізеді. Олардың

түпкі мақсаты елдің тағдыры мен мемлекеттің дамуы болғандықтан, аузын буып, көзін таңуға қақымыз жоқ. Оларды тыңдауға, пайдалануға тиіспіз. Сол тұрғыдан айтқанда, биылғы үміткерлер арасында халықшыл қара нарлар бар екен, сол қуантады.

3 Парламент деген – ең бастысы заң шығаратын, заңдарды қайта қарайтын, заңға өзгеріс енгізетін, атқарылуын қадағалайтын кәсіптік құрылым. Сондықтан сайланатын үміткерлердің дені заңды білетін, заңмен жұмыс істей алатын тұлғалар болса, нұр үстіне нұр болар еді. Онан кейін барып, заңды білудің үстіне, олардың жалпы қарым-қабілеті, жинақтаған тәжірибесі назарға алынады. Осының бәрі қосылғанда барып кәсіби парламенттің қуаттылығы көрнектіленеді.

Бізге депутат деген танымал адам, атақты тұлға, әйгілі кісі болу керек деген жаңсақ көзқарас бар. Соның салдарынан шығар, анау жылдары атақты спортшы, әйгілі әнші «жұлдыздар», танымал өнер шеберлері де кандидат болып топқа түсті, соның кейбіреулері сайланып, өтіп те кетті. Парламент концерт қоятын сахна емес. Қоғамдық «шоудың» орталығы емес. Әркім өзінің территориясында, қолынан келетін шаруамен айналысқаны жақсы. «Ешкі сойса да қасапшы сойсын» деген дана сөз бар. Әншілік пен заңгерліктің арасында не байланыс бар? Боксер мен саясаткердің қандай қатысы бар?

Парламент «жұлдыздардың» отыратын жұмсақ креслосы емес, ақыл парасат пен құндылықтардың майданға түсетін жері. Әр нәрсе таразыға тартылып, тағдыры шешілетін мінбер. Ол жерге барған адам әлем саясатын, мемлекеттің іші-сыртын, Қазақстанның бүгін мен ертеңі сараптай алатын санасы сәуелі, ақылы озық, болашақты елестету көрегендігі көсем адам болуға тиіс. Блогер паракшасында отырсын, артист сахнасында ойнасын, ақын жырын жазсын. Сонда ғана халыққа берер пайдасы мол, көрсетер өнегесі көп болады. Көп адам депутат болуды рахат тұрмысқа жету, дәрежесінің өсуі, атақты болудың алғы шарты санайды. Негізінде депутат болу халыққа қызмет ету, болашақтың іргетасын қалау деп түсіну керек.

4 Әділетті Қазақстанды құру үшін ең әуелі әділетті жолмен депутаттарды сайлап алуға тиіспіз. Шығыстың «Ұзақ жорық бірінші қадамнан басталады» деген мәтелі бар, мемлекеттің кемелді заңы мен тура жолын қалыптастыру үшін, оның сөзін сөйлейтін адамдар мен қызметін ететін естілерді сайлап алуымыз керек. Адам, оның ішінде президенттер келеді, кетеді. Ал мемлекет орнында аман-есен қалу керек. Кез келген депутат жеке адамға қызмет етуге ниеттенсе, Отанға қызмет етуге сақдай сай болсын. Мынау сайлау, Президенттің құқығы мен Парламенттің құзыреттілігін арттыру жолындағы жасап жатқан қадамдар елдігіміздің ертеңі үшін. Кезектегі саяси реформалардың анық көрінісі.

Қазақ «әр істің бір қайыры болады» депті, мазасыз әлемде отыз жылдан бері от пен оқтан аман болдық. Осының өзі үлкен жақсылық. Алдағы дәуірлерде солай бейбітшілікті сақтай отырып, берекеге бастайтын жолды саралай білсек, «Әділетті Қазақстан» құру сәтті жалғасады деп ойлаймыз. Президент екі дүниенің алдында жауапты. Оның мойнына жауапкершілік жүктелген екен, үмітті ақтауға тура келеді. Ол үміт – әлде бір топтың, әлде бір мүдденің қажетінен емес, мемлекеттің болашағы мен ұлттың алдындағы парыз болуға тиіс. Сондықтан бұл сайлаудың салмағы мың батпан.



АЛДА – ҮЛКЕН ДОДА

**Алматы қаласының
мәслихатына
42 депутат сайланады**

**Алматы қаласының
мәслихатына 42 депутат
сайланады. Мұндай
мәліметті Өңірлік
коммуникациялар қызметі
алаңында өткен брифингте
Алматы қаласының
Аумақтық сайлау
комиссиясының төрайымы
Айгүл Қалықова жеткізді.**

Атап өтетін жайт, сайланатын 42 депутаттың 21-і – бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша, ал 21-і – партиялық тізім бойынша.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының мәслихат депутаттарын партиялық тізімдер арқылы сайлау бойынша 6 саяси партияның тізімдерімен 153 кандидат ұсынылды.

Атап айтқанда, «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі (42 кандидат), «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі (20 кандидат), «Amanat» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалы (63 кандидат), «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі» (6 кандидат), «Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігі» (15 кандидат), «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігі (7 кандидат).

Саяси партиялар құжаттарды Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес ұсынады. Әрбір партиялық тізімде әйелдер мен 29 жасқа толмаған адамдардың саны кемінде 30%-ды құрайды.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлау бойынша 21 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша 210 кандидат ұсынылды. Орта есеппен алғанда бірмандатқа 10 адамнан келеді. Ең үлкен бәсекелестік 4-ші округте – бір орын үшін 19 адам.

Ұсынылған кандидаттардың 166-сы – ер, 44-і – әйел адам. Ең жас кандидат 2002 жылғы болса, ең үлкені 1947 жылғы.

Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес кандидаттарды тіркеу туралы мәліметтер БАҚ-да және сайлау комиссияларының интернет-ресурсында жарияланады.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.**



ЕҢБЕК АДАМЫ

Қазақта «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет» деген жақсы сөз бар. Еліміздегі ғылым саласына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Жұмажан Ғинаятұлы Жаңбыров – зор құрметке лайық жандардың бірі. «Еңбек деген байлық бар, ерінбеген жететін» демекші, өзінің адал маңдай терімен, білім-парасатымен, адамдық болмысымен биіктерді бағындырған Жұмажан ағамыздың өмірі мен еңбек жолы бүгінгі жас ұрпаққа өнеге.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Жұмажан Ғинаятұлы – Қазақстандағы көлік және тасымалдау саласының білікті маманы. Өз ісінің білгірі ретінде ол үлкен мінберлерде еліміздегі ең маңызды салалардың бірі саналатын жол-көлік, қоғамдық көлік, жүк тасымалына қатысты мәселе көтеріп, тың идеяларымен бөлісіп отырады. Сондай-ақ, ол өзінің білгенін жас ұрпаққа үйрету мақсатында жоғары оқу орындарының студенттеріне дәріс оқиды, өмірден түйгендерімен бөлісіп, ақыл-кеңесін де аямайды. Үлкен шаһарға білім іздеп келген қазақтың кара домалақ балаларына әкелік, ағалық қамқорлығын танытып жүреді. Жұмажан ағамен әңгімелескенде жастардың болашағына алаңдайтыны, оларға деген риясыз жанашырлығы жүзінен, әр сөзінен сезіледі.

«Қазақстанда небір білімді, дарынды жастар жетерлік. Бірнеше тілді еркін меңгерген, ғылымның тереңіне бойлап жүрген талантты жастарды көргенде риза боламын. Еліміздің экономикасының 70–80 пайызы көлік тасымалына тиесілі, өйткені Қазақстанның жер көлемі үлкен. Сондықтан да көлік тасымалы саласының маңызы аса зор. Үнемі айтып жүрмейін, бұл салаға жүйелі стратегия керек. Еліміздегі оқу орындарын бітірген техникалық мамандарды, инженерлерді, механиктерді жұмыспен қамтуды айтпағанда оқу тәжірибесінен өткізетін мекемелер саусақпен санарлық.

Өйткені, инфрақұрылым дамымаған, зауыт-фабрикалар жоқтың қасы. Дипломы бар мамандар өз мамандығы бойынша магистратураға түсе алмай, докторлық қорғай алмай жүргенін көзіміз көріп жүр. Осындай мәселелерді үнемі көтеріп, тиісті орындарға хат жазуға шаармаймын. Әр қазақтың баласы адал еңбегімен дәулетті болса екен деймін. Шәкірттеріме үнемі ешкімнің ала жібін аттамаңдар, ешкімге жамандық тілемеңдер деп отырамын. Шәкірттерімің басым көпшілігі ер балалар болған соң оларға «еіқашан ешбір қыз баласын ренжітпеңдер, аялаңдар» деп айтып отырамын.

Кезінде 1986 жылы алаңда өрімдей қыздардың қазақ жігіттерінің намысын жанып, жігерлендіргені әлі есімзде. Қазіргі кезде де қазақ қыздарының бойынан батырлықты көреміз. Жігіттеріміз ұсақталмаса екен. Бұл үлкен әлеуметтік қана емес, ұлттық мәселе деп ойлаймын», – дейді Жұмажан Жаңбыров.

Жұмажан Ғинаятұлы Жаңбыров алғашқы еңбек жолын 1-Май совхозында қарапайым жұмысшы болып бастады. 1971–1973 жылдары Кеңестер Армиясының қатарында әскери



борышын өтеді. Әскерден оралғаннан кейін ол аудан орталығындағы орта мектепте «Алғашқы әскери дайындық» және аудан орталығындағы Спорт мектебінде футболдан жаттықтырушылық қызмет атқарды.

Білім-ғылымға, спортқа да икемді Жұмажан Ғинаятұлы 1974–1979 жылдары Алматы қаласында Қазақ ауылшаруашылық институтының ауылшаруашылық процестерін механикаландыру мамандығын үздік бітіріп, Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылыми академиясының Шығыс бөлімінің Ақсу тәжірибе шаруашылығында бас инженер болып еңбек етті. 1983–1986 жылдары Қазақ ауыл шаруашылығы институты жанында аспирантурада оқып, техника ғылымының кандидаты дәрежесін 1986 жылғы 21 ақпанда қорғап, аталған институтта аға ғылыми қызметкер, Қазақ ауылшаруашылық министрлігі жанындағы тәжірибе шаруашылығы бас инженері, 1989 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институты жанындағы ғылыми-өндіріс шағын мекемесінің директоры болып қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде ауылшаруашылық процестерін механикаландыру бойынша ғылыми тұрғыда ізденіп, Кеңес Одағының 8 авторлық куәлігін және 5 ҚР патентін иеленді.

Жұмажан Ғинаятұлы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ жеке кәсіпке бет бұрған еді. Ол 1991–2008 жылдары арасында арнайы жеке фирма ұйымдастырып, қалааралық және халықаралық жүк тасымалдау кәсібімен айналысты. Жеке кәсібін дөңгелете жүріп, жаксы табыс тауып жүрсе де, ол ғылымнан

қол үзіп қалған емес. Өз бағыты бойынша «Автокөлік логистикасын жетілдірудің ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбында қазақ тілінде докторлық диссертация дайындап, М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы жанындағы диссертациялық кеңесте 2008 жылы қорғап, техника ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алды. 2009 жылы екі үміткерге ғылыми жетекшілік етіп, шәкірттерін сәтті қорға-тып, көлік профессоры ғылыми атағына ие болды.

Ғалымның көптеген ғылыми мақалалары, оқулықтары жоғары оқу орындарының студенттері үшін таптырмас құндылық. Профессордың «Жүк тасымалдауды ұйымдастыру және басқару» оқу құралы, «Өндірісті ұйымдастыру және кәсіпорын менеджменті» және «Автокөлік логистикасы» оқулықтары М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы жанындағы Республикалық мамандандырылған оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспадан шығарылып, жоғарғы оқу орындарына қолданысқа берілген.

Ж.Жаңбыровтың жетекшілігімен «Аймақ экономикасының дамуына көлік логистикасын пайдаланудың ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбына ынталы ғылыми-ізденіс жұмысы атқарылды. 2017 жылы Жұмажан Ғинаятұлының ғылыми жетекшілігімен қоғамдық көліктерді дамыту концепциясын орындау» атты бағасы 22,0 млн тұратын жобасы қалалық кеңесте қабылданып, бекітілді.

Ғалымның жоғары оқу орындарында еңбек еткен жылдары ішінде бірнеше оқулық, оқу құралдарын қосқанда барлығы 265 ғылыми-әдістемелік жұмысы жарық көрді. Оның 11-і ағылшын тілінде Еуропада, 13-тен астамы Ресей мемлекеті жоғары оқу орындары жинақтарында жарияланды. 2018–2023 жылдары Ж.Жаңбыровтың жетекшілігімен дайындалған бірнеше ғылыми мақала СКОПС тізіміндегі ғылыми басылымдарда жарияланып, Еуропада ұйымдастырылған ғылыми практикалық конференцияларда мақалалары жарық көрді. Еуропада ұйымдастырылған Ғылыми әдістемелік және оқулықтар көрмесінде ғалымның жетекшілігімен дайындалған екі оқулық «Еуропа сапасы» алтын медалімен марапатталды. Ол ғылым саласындағы жетістіктері мен табыстары үшін 2012 жылы «Қазақстан білімінің дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. 2019 жылы «ҚР Жоғары оқу орындарының үздік мұғалімі» грантының иегері атанды.

Техника ғылымының докторы, көлік профессоры Жұмажан Жаңбыров ағамыз ұзақ жылдар ғылым саласында атқарған еңбектері мен білімді жастарды тәрбиелегені үшін бытыр Жаратылыстану ғылымдары академиясының кезекті күзгі сессиясында академик ғылыми дәрежесі берілді, «Ғылыми мектептің негізін қалаушы» төсбелгісімен марапатталды. Жұмажан Ғинаятұлының қазақ ғылымына әлі де берері көп. Қазақтың қабырғалы ғалымына ұзақ ғұмыр, еңбегіне жеміс тілейміз!

ҮМІТКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

«Alatau Aqparat» ЖШС-нің «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінде, Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желідегі аккаунттарында 2023 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын кезектен тыс сайлауға түсетін үміткерлерге баспа алаңын берудің жалпы шарттары.

«Alatau Aqparat» ЖШС – «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің, Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттардың иесі (бұдан әрі – Газет), иесі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы Жарлығымен тағайындалған 2023 жылғы 19 наурыздағы кезектен тыс сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарына кандидаттарға (бұдан әрі – Кандидат) сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

газеттің газет алаңын беру ақысының мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы хабарлайды.

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттарына кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен 2023 жылғы 18 ақпан, сағат 18.00-ден басталады және 2023 жылғы 18 наурыз, сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт дауыс беру күніне дейінгі тыныштық күніне дейін, яғни 2023 жылдың 16 наурызына дейін басылымның тиражға соңғы шығу күнімен аяқталады.

Сайлау комиссиясының партиялық тізімді тіркеу туралы шешімінің көшірмесі және кандидаттың немесе оның уәкілетті өкілінің Газет иесі басышының атына жазбаша өтініші газет алаңын беруге негіз болып табылады.

Газет иесі мен кандидат арасында немесе кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалған жазбаша шарт негізінде газет алаңын ұсынады, сондай-ақ, материалдарды сайттарға орналастырады. Кандидаттар немесе олардың уәкілетті өкілдері үгіт материалдарының бекітілген мәтіндерін жариялаудың жоспарланған күнінен кемінде екі күн бұрын ұсынады.

Газетте баспа алаңын ұсыну үгіт мақалалары мен модульдерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Үгіт материалдарын газетке орналастырудың саны мен болжамды күні кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) шарт жасасу үшін адамның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Кандидаттардың үгіт материалдарын газетке орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгіленеді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте үгіт материалдарын сұрау салынатын орны бұрын жүгінген басқа кандидатқа берілген жағдайда, газет кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін өзге орын ұсынады.

Үгіт материалдары газетке шығуы болжанған күнге дейін күйтiзбелiк 2 (екi) күн бұрын газеттің d_kuanys@mail.ru электрондық мекемеліжайына және/немесе USB флэш-дискісінде беріледі.

Үгіт материалдарында олардың төленгені, қаржыландыру көздері, акпарат берген тұлғаның тегі туралы акпарат болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін жауапты.

Осы акпараттық хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда газетте үгіт материалдарын жариялау жүргізілмейді не бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Газет иесі үгіт материалдарын, егер оларда республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа итермелеу, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары болса, жариялаудан бас тартады.

Газет иесі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарына басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруге қабілетті акпарат болған жағдайда үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға құқылы. Кандидат газет иесінің талабы бойынша жоғарыда аталған сипаттағы материалдардағы акпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы акпараттық хабарламада көрсетілген газет алаңын беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Әлеуметтік желілерде орналастыруға қойылатын техникалық талаптар

Instagram жазбаларына қойылатын талаптар:
Фотосурет өлшемі – 1350*1080 px (4:5), есептік жазбаның басты бетінде қараған кезде өлшемі – 1080*1080. 10 бірлікке дейінгі фото;
Қолтаңбаның максималды ұзындығы – бос орындары бар 2200 таңба;
Бейне (Reels): Reels-те бейнені 1 минутқа дейін жүктеуге болады, ұсынылған ажыратымдылық – 1080*1920 px (9:16), MP4/MOV форматы. Маңызды – таспадағы релстер кесілген түрде көрсетіледі: 1920 пиксель 1350 пиксельге дейін кесіледі, ал жалпы шот арнасы 1080*1080 құрайды.

Telegram арнасы мен Facebook-тегі жазбаларға қойылатын талаптар:
Сурет форматы – JPEG, PNG;
2 суретке дейін рұқсат етіледі;
Бос орындары бар 1024 таңбаға дейін;
Сурет ені – 1280px кем емес;
Бейне форматы – MP4, MOV, GIF, өлшемі 20 Мб дейін;
Сипаттамаға хэштегті, сыртқы сілтемені қосуға немесе Telegram арнасының ішіндегі кез келген арнаны, чатты немесе пайдаланушыны атап өтуге болады.

Үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған шарт бойынша төлем шот берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде газет меншік иесі қойған төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.

Жазбаша өтініштерді газет иесі 2023 жылғы 20 ақпан, сағат 9.00-ден 2023 жылғы 16 наурыз, сағат 13.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 каб. мекемеліжайы бойынша қабылдайды.

Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.

«ALATAU AQPARAT» ЖШС.

«Almaty aqshamy» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – қазақ тілі.
Формат – А3.
Жілілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).
Таралымы апта сайын – 18663 дана:
сейсенбі – 5625 дана.
бейсенбі – 7413 дана.
сенбі – 5625 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.

Үгіт материалдарын орналастыру құны:

* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді кара-ак нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;
* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайнды мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;

Газеттің бірінші және соңғы беттерінде үгіт материалдары орналастырылмайды.

«Вечерний Almaty» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – орыс.
Формат – А3.
Жілілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).
Таралымы апта сайын – 38738 дана:
сейсенбі – 11104 дана.
бейсенбі – 16530 дана.
сенбі – 11104 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.

Үгіт материалдарын орналастыру құны:

* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді кара-ак нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;
* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайнды мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;
Бірінші және соңғы беттерде үгіт материалдары орналастырылмайды.

Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда материалдары орналастыру құны:

1. Сайтта мақаланы орналастыру – 1 бос орын белгісі үшін 50 теңге;
2. Баннер 750x562 басты беттегі сырғытпада – 24 сағат ішінде 15 000 теңге;
3. Басты беттегі 1140x141 баннер (слайдерден төмен) – 24 сағат ішінде 25 000 теңге;
4. Оң жақ бағандағы басты беттегі баннер 1280x1280 пиксель – 24 сағат ішінде 20 000 теңге;
5. Instagram-дағы хабарлама – 30 000 теңге;
6. Telegram-дағы пост – 30 000 теңге;
7. Facebook-тегі хабарлама – 30 000 теңге.

Ескерту: бағалар ҚҚС-пен көрсетілген.

Баннерді орналастыру үшін қабылданатын техникалық талаптар

Орналастыруға дайын баннерлер GIF, JPEG, PNG форматында қабылданады;
Баннердің мөлшері 150 Кб-тан аспайды;
Анимациялық GIF баннері секундына 5 кадрдан аспайтын жылдамдықпен ойнатылуы керек;
Баннердегі кескіндер сапалы және түсінікті болуы керек, түсінікті мәтінмен, бұлыңғыр немесе майланған кескіндерді қолдануға болмайды;
Жыпылықтау, жыпылықтайтын фон және басқа тітіркендіргіш әсерлерді қолдануға тыйым салынады.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ЖҮЙРІККЕ ЖАН ЖЕТПЕС



Ғаламда айрықша дамып жатқан спорт түрлері бар. Соның бірегейі – ат жарыс. Аталмыш спорт түрі еуропалықтар һәм шетелдіктердің жанын беріп, сүйіп көретін спортына айналып үлгерген. Міне, осының арқасында нағыз шабандоздар шығып жүр.

Дүниежүзілік спорт қауымдастықтарының, бірлестіктерінің көз тігіп отырған спорт саласы байқалып келеді. Сарапшылардың пікірінше, адамзат жасанды дүниеден

жалыға бастаған көрінеді. Күнделікті үйреншіктіге алданғысы келмейді. Бұл бір жағынан заңдылық. Өйткені, көмескіленген құндылықтың түбі жаңғыратыны анық. Соның дәуірі келіп тұрған сияқты.

Дүниенің дамыған Германия, Франция және т.б. елдерінің осы салаға қызығушылығы мол. Неге десеңіз, олар әр уақытта осы спортқа қомақты жұлде тігіп, жарыс өткізуге құмар. Кәрі құрлықтың әлеуеті қуатты болғанымен, осындай спорт түрлеріне келгенде аса бір ыңғайлы көрінбейді. Мұны иеленетін Орталық Азия өңірлерінің мықтылары.

Сырт жақта ат үстіндегі ойындарға ынта білдірсе, демек біздікілер қалтарыста қалмауы қажет-ақ. Қанша дегенмен, жылқы түлігі қазақ жұртының дүниетанымы, дәстүр-салты, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты. Дәп осылай белден басып, турасын айтқанымыз әбестік болмас деп ұғамыз.

Сәйгүлік – сайыпқыран

Ат спорты қанымызға сіңген. Ең даланың төсін ата-бабаларымыз ат тұяғымен дүбірлеткен. Кең сахараның о шеті мен бұ шетіне жетудің жөнін білген. Ел арасында «ер қанаты – ат» деген аталы сөз кездеседі. Түпкі мәнісі ат құлағында ойнап, сәйгүлікті қолға үйретті дегенді білдіреді.

Қарап тұрсаңыз, халқымыздың әр мінезін жылқыға теңейді. Бұл жануар жаратылысынан тазалыққа құмар. Қарапайым мысал айталық, мәселен, жылқы сиырдың ішкен суын ішпейді. Өзі де көрікті, еңселі, сымбатты, күшті жануар. Осындай ерекшелігімен көпті өзіне баурайды. Ал егер жүйткісе, құдды сайыпқыран сияқты. Оның үстінде келе жатсаңыз, құдды ұшып келе жатқандайсыз. Текті дегенді адамға қолданады. Бірақ жануардың төресі болғандықтан метафралық теңеу артық емес дейміз.

Техниканың күш-қуатын қалай өлшейтінін біразымыз білеміз. Яғни аттың күшімен өлшенеді. Алып ауыл шаруашылығы техникасынан бастап заманауи көліктердің

күші аттың қуаттылығымен есептеледі. Кәдімгі жүйрік анау-мынау машинаға дес бере қоймайды деседі. Әрине, озып кете қоймас. Дейтұрғанмен, теңесе білудің өзі не тұрады, ғажап емес пе?!

Адамзаттың асыл құндылығы көп. Соның ішінде сәйгүліктің жыры тым айрықша. Мұны әу бастан аңғарған көшпелілер оны «Жеті қазынаға» балаған. Бұдан артық әспеттеу артық болар.

P.S.

Қазақ аттың қадірін білгендігін жиі айтудамыз. Соның арқасында шабандоздың аты ғаламға таралады. Ең ауқымды табысқа, айтарлықтай марапатқа ие болады. Біздің дәуірімізде ат спортынан әсте қол үзбейік. Қайта дамытып, дүниеге танытсақ екен.




Алайда, барлық сәтте ұпай еселене бермейді. Еліміздің екінші, дүние жүзі бойынша 45-ші ракеткасы Юлия Путинцева-ға сәл ғана сәттілік жетіспей қалды. Ол Әбу-Даби WTA 500 турнирінің ширек финалынан сүрінді. Жерлесіміз әлемнің 14-інші, 6-ракетка-сы, бразилиялық Беатрис Хаддад Майямен сайысқан болатын. Бұл жолы қарсыластың тай-брейкте айы оңынан туды. Есеп – 7:6 (7:4).

Ю.Путинцева – жігерлі спортшы. Әлі талай бәсекеде қарсыластарына дес бере қоймас. Бәрі – алда!

АТ СПОРТЫ

Ат спортына қызығушылық артты. Бұл бағытта өнер көрсететін оғландарымыз озып тұр. Дүние көз салған алаулы жарыстардан «жүзден жүйрік – мыңнан тұлпар» атануда. Сөйтіп, ел даңқын алысқа шарықтатып, өздері жарқырап жүр.



БАБЫ ШАПҚАН БАУЫРЖАН

Қазақтың ұлы байрақты бәйгеде атой салуы керек. Қалтарыста қалуға еш негіз көрмейміз. Бізге осалдықтан гөрі, оңтайлы сәтке дайындалып, шабандоздар арасында айбынды байқату маңызды. Солай еткенде ғана жарқырай түсеріміз анық. Абырой биігінен көрініп, ел намысын асқақтата бастағандар бар. Ол қазақтың спортын дамытып жүрген кәнігі шабандоз – Бауыржан Мырзабаев.

Қазақ жігіті Жапония төрінде атой салды. Берілген қашықты еңсерді. Астындағы тұлпары діттеген мәреге құлап сүрінбей жеткізді. Кейде оқыс жағдайлар да орын алып жатады. Қатарынан 20–25 ат шапса, соның кем дегенде 3-4-еуі соқтығысып жатады. Содан кейін жапа-тармағай құлайды. Ал мұның арты қатты жарақаттануға алып келеді. Бұл жолы отандасымыз ондайдан оңтайлы өте алды. Көптен суырылып шығып, оза шапты да жапондықтарды таңдай қақтырды.

Бауыржан бұған дейін де талай мәрте жеңімпаз атанған болатын. Мұны қазақ ұлының алғашқы жеңісіне балай алмаймыз. Нактырақ айтқанда, 3 рет Германияда жеңіс тұғырынан жарқырай көрінді.

Сонымен қатар, 3 мәрте Чехия чемпионы атанды. Осы жолғы жетістігі дәстүрлі сабақтастық дер едік. Ең бастысы, тіл-көзден аман-есен болып, ұдайы шындала бергей. Сонда алдағы жарыстарда бабы да, бағы да шабары сөзсіз.

Ұшқан құстың қанаты, жүгірген анның аяғы талатын байтақ жазира бізге құтты болып тұр. Соның арқасында кіл мықты, хас таланттар шығуда. Мың тәубе!

Халық даналығы «тай – атқа, ат – мұратқа» жеткізетінін тәмсілдейді. Алматылық жерлесіміз Бауыржан батыр 1 миллионнан астам сыйақы иеленді. Оның жеңісі еселеніп, ұлтымыздың атаға тартып туған рухты, қайсар, қайратты ұлдары көбейе бергей демекпіз!

ПАУЭРЛИФТИНГ

ЫНТА БӘРІН ЕҢСЕРЕДІ

Қазір егде тартқан адамдар да өзінің мықтылығын дәлелдеуде. Зейнетке шықтым, болдым-толдым деп қарап отырмайды. Қолдан келген жан әрекетін қылады. Әсіресе, спорт саласының шыңына өрмелеуі таңдандырады.

Қоғамда жасы ұлғайған адамнан үмітті көп күтпейді. Бұл – қате ұғым. Бүгінде таңданбайтын нәрсе қалмады. Әсіресе, қазақ ақсақалының заман көшінен түспей қуантады. Дәлірек, спортты жанына серік ете білген жан түбінде бір жарқырады. Біздің тілге тиек етіп отырған кейіпкеріміз – Дәрібай Оспанов.



Рекорд жаңарды

Ақсақал пауэрлифтингтен мықтылығын танытты. Сөйтіп, әлемдік рекордты жаңартты. Бұл жайында дәлірек баяндайық. 73 жастағы спортшының өз жас тобында ресми көрсеткіші 180 келі болса, жаттығуда ол бұл көрсеткіштен кемінде 20 келіге асып, артық өнер көрсете білді. Осылайша көрермендерді таңқалдырды. Ол кісі қарапайым инженер екен.

Таңқалу туралы жиі жазғанымызды білеміз. Десе де, 73 жасында пауэрлифтингтен мықтылықты дәлелдеу – ерлік. Әйтпесе, бұл спортқа әжептәуір қауқар керек. Жай адам барып, қатысып, өнер көрсете алмайды. Одан кейін тыңғылықты дайындық қажет. Әйтпесе, ұту түгілі, жеңісті жақындату ықтимал емес.

Дәрібай ағамыз бұған дейін Азияның 2 дүркін чемпионы болған көрінеді. Күш пен қайратты талап ететін бұл спорттан АҚШ, Филиппин, Жапония, Үндістанда да жұлде алыпты. Спортшы атай әлемдік деңгейде 5 алып және күміс медаль еншілепті.

Қазақтың жасы да, жасамысы да мықты



екендігін спортшыларымыз дәлелдеп келеді. Ел абыройын асқақ етуші отандастарымызға мың алғыс!

**Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ТЕННИС

СӘТТІЛІК ЖЕТІСПЕДІ

Қазақстандық теннисшілердің аяқ алысы тәп-тәуір. Бұл төңірегінде жиі ой қозғаймыз. Алайда, сәттілік әр уақыт серік бола бермейді. Кейде жеңіс пен жеңіліс қатар алмасады. Мұны қарапайым заңдылық дер едік.

Теннис – өте дәлдікті, ептілікті қажет ететін спорт түрі. Мұнда мүлт кетуге болмайды. Соның ішінде үлкен теннистің өз жөні бар. Ауқымды алаңда кіп-кішкентай ғана допты қарсылас жаққа қағып түсіру керек. Қарсы тарап та қарап тұрмасы анық. Оның соққысына ракеткамен жауап беру қажет.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Тыйым салынған
заттармен жүруге
жауапкершілік
көзделген

Алматы қаласы Авиациялық көлік прокуратура-сы Алматы әуежайындағы Желілік полиция бөлімі мен Авиациялық қауіпсіздік қызметінің «Ұшу алдындағы тексеріс қызметімен» бірлесе отырып жолаушыларға өзімен бірге алып жүруге тыйым салынған заттар жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Баршамызға белгілі, Қазақстан Республикасы аумағында қару-жарақ айналымы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы, «Жолаушыларға азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған қауіпті заттар мен бұйымдардың, сондай-ақ есірткінің барлық түрлерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің №317 Қаулысы (31.03.2011 жылғы) және өзге де заңдармен реттеледі.

Тыйым салынған заттарды алып жүргені үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 482-бабы «Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы», 484-бабы «Азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларын бұзу» және Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (әрі қарай – ҚР ҚК) 287-бабына сәйкес «Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру» мәселесінде жауапкершілік көзделген.

Қарастырылып отырған құқық бұзушылықтың заты ретінде қару жаракты, травматикалық қаруларды, атыс қаруы мен патрондарды, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды, газбен атылатын қаруларды, оқ-дәрілерді есепке аламыз.

Талдау жұмыстары барысында, жоғарыда қарастырылып отырған бап бойынша әуежай қызметкерлерінің ұшу алды тексеру барысында жолаушының жүгінен суық қару жиі табылады (кастет, дубинка және т.б.).

Көп жағдайда, жолаушылар суық қаруды өзімен бірге алып жүргендігі және сақтағандығы үшін белгілі бір жауапкершілік назардан тыс қалып қойған.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Алматы халықаралық әуежайында соңғы 5 жылда қарастырылып отырған баппен тіркелген құқық бұзушылықтардың пайыздық мөлшері жыл санап артып келеді (2016 ж. – 16,4%, 2017 ж. – 17,6%, 2018 ж. – 18%, 2019 ж. – 20%, 2020 ж. – 18,7%).

Осыған байланысты еліміздің барлық азаматтары мен шетел азаматтарына заңмен тыйым салынған заттарды алып жүргендігі үшін заңнамамен тиісті жауапкершілік көзделгендігін назарларына саламыз.

Е.САҒЫМБЕКОВ,
Алматы қаласының Әуе көлік
прокуратурасының аға прокуроры.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлауға қатысты №19 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлауға қатысты №19 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ-тер	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
19	Садердинова Дина Тимуровна	1987	Уақытша жұмыссыз, Алматы қаласы Жетісу ауданы, партияда жоқ, татар.
19	Толыуов Дархан Маратович	1991	«Сталь Сервис» ЖШС директоры, Алматы қаласы Жетісу ауданы, «AMANAT» Партиясы» қоғамдық бірлестігі, қазақ.

2023 жылғы 10 ақпан.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

№24 қалалық емханаға: - мұрағатшы; - жеке күтім көрсететін қызметкер; - тіс дәрігері; - акушер керек. Тел.: 8 (727) 290-57-66, 8 747 430 46 75.	«ЕРАЛТАЙ» ЖШС-не: бухгалтер керек. Тел.: 8 777 268 79 06, 8 776 113 34 46.	«ШЕРКОМСЕРВИС» ЖШС-не: қойма меңгерушісі керек. Тел.: 8 (727) 344-99-22, 8 707 745 48 91.
С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне: мұрағатшы керек. Тел.: 8 (727) 338-70-58.	№177 жалпы білім беретін мектеп-ке: вахтер керек. Тел.: 8 (727) 380-33-05, 8 701 434 86 91.	«Логистика және көлік академия-сы» АҚ-на: - бас маман, d-4 санаты; - call-орталықтың басшысы (басқарушысы); - кеңсе меңгерушісі; - департамент директоры; - бөлім басшысы; - сату бөлімінің басшысы керек. Тел.: 8 (727) 292-03-16.
«Казгидромет» ШЕЖҚ РМҚ Алматы қаласы бойынша филиалына: жетекші инженер гидролог қажет. Тел.: 8 777 491 04 08.	Г.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетіне: - кадрларды даярлау жөніндегі инженер; - бөлім басшысы (білім беру); - әдіскер; - кітапханашы; - гидротехникалық құрылыстарға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшы; - кафедраға жетекші инженер керек. Тел.: 8 (727) 323-11-75, 8 775 763 81 18.	Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжіне: - әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы; - бас кітапханашы керек.
«ШПК» коллекторлық агенттігі» ЖШС-не: заңгер керек. Тел.: 8 707 171 00 03, 8 747 238 84 69.	«Core Energy Asia (Kop Energy Asia)» ЖШС-не: бухгалтер керек. Тел.: 8 (727) 222-14-14, 8 707 552 90 45.	Алматы теміржол ауруханасына: - дерматолог; - онколог; - маммолог; - кардиолог керек. Тел.: 8 (727) 254-63-61.
«Алматы қаласы Наурызбай ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы»: дәрігер-сурдолог іздейді. Тел.: 8 (727) 360-45-82, 8 707 387 39 27.	«ЭДЕМ ТРАНС» ЖШС-не: логист керек. Тел.: 8 (727) 338-62-86, 8 702 108 13 93.	«Eheed» автосалонына: call-орталық операторы керек. Тел.: 8 775 202 70 70.
№11 қалалық емханаға: фармацевт керек. Тел.: 8 747 416 32 74.	ҚР Орталық мемлекеттік мұражайына: - қалпына келтіруші-суретші; - мұражай күзетшісі; - бухгалтер; - бас бухгалтердің орынбасары; - сатып алу жөніндегі маман; - құрылымдық бөлімшенің басшысы; - мұражай заттарын сақтаушы; - кадр инспекторы; - желдету инженері; - сатып алу менеджері; - сантехник-инженер керек. Тел.: 8 (727) 264-56-72.	«Алматы» медицина орталығына: - кардиолог; - жарты ставка офтальмолог; - жалпы тәжірибелік дәрігер; - тіркеуші; - медбикелер керек. Тел.: 8 747 285 58 36.
«КСЕЛЛ» АҚ-на: - икт жобалар менеджері; - казынашы керек. Тел.: 8 (727) 258-27-55.	«КМФ Микроқаржы ұйымы» ЖШС-не: - call-орталық операторы; - ақпараттық жүйелер әкімшісі керек. Тел.: 8 (727) 331-74-74, 8 701 301 81 84.	Алматы қаласының жаңа медициналық орталығына: - терапевт; - балалар, ересектер невропатологі; - УЗИ дәрігері; - эндокринолог; - ресепши; - санитарлар; - аға медбике керек. Тел.: 8 705 305 41 11.
«АЛОНС» өндірістік-құрылыс фирмасы» ЖШС-не: бас инженер керек. Тел.: 8 (727) 278-97-35, 8 701 757 68 36.	«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ-ға: бөлім басшысының орынбасары (материалдық-техникалық жабдықтау бойынша) керек. Тел.: 8 (717) 269-11-74.	№4 перзентханаға: - акушер-гинеколог; - хатшы; - санитарлар керек. Тел.: 8 702 897 97 85.
Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжіне: кадрлар бөлімінің басшысы (персоналды басқару) керек. Тел.: 8 (727) 392-37-42, 8 747 475 21 97.		

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шәһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



КОМИССИЯ

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК



Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен Халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі комиссияның отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметке Сирияға гуманитарлық көмек көрсету туралы берген тапсырмасына орай, отырыста жойқын жер сілкіністерінен зардап шеккен Сирия Араб Республикасына 50 тонна гуманитарлық көмек жіберу туралы шешім қабылданды.

Мемлекеттік материалдық резервтен консервіленген өнімдер, жылы киім-кешектер, қысқы шатырлар, кереуеттер мен төсек-орын жабдықтары бөлінеді. Жүк Ислам ынтмақтастығы ұйымының желісі бойынша Алеппо қаласына төрт әуе рейсімен жеткізілмек.

ҒЫЛЫМ

ЗАМАНАУИ
ОРТАЛЫҚ

Алматыдағы Ғылым ордасында «Реставрация және консервация орталығы» ашылды. Оның салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қатысты.

Бұл туралы ведомствоның сайтында жарияланды. Ғылыми орталықтың елімізде аналогы жоқ, ол Германия, Италия, Ресей, Қытай, Жапония елдерінен жинақталған 65 заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Орталық бес бөлімнен тұрады: химиялық лаборатория, реставрациялық бөлім, түптеу және карантин бөлімі, ғылыми-зерттеу, фотофиксация бөлімдері. Аталмыш бөлімдерде қағаз және өзге де материалдардың құрылымына, сия ерекшеліктеріне химиялық-микробиологиялық зерттеу жүргізу, кітаптар мен құжаттарды сақтауға арналған қышқылсыз картоннан жасалған микроклиматтық қораптарды жасау жұмыстары жүргізіледі.



БІЛІМ

АУЫЛ
МЕКТЕПТЕРІНЕ –
47 АВТОБУС

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті хабарлағандай, ауыл мектептерінің автопарккі 47 автобуспен толықты.

Балаларды тасымалдауда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ескірген автопарккі ауыстыру туралы мәселе бірнеше мәрте көтерілгені белгілі. «Жыл басынан бері өңірлердің мектептеріне 47 жаңа автобус жеткізілді. Балаларды тасымалдау алдымен мектептері жоқ шалғайдағы аз қоныстанған ауылдарда ұйымдастырылған. Тасымалдау кезінде оқушыларды мектеп директорының бұйрығымен бекітілген арнайы қызметкер бақылайды», – деді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Мектеп автобустарының техникалық сипаттамалары барлық талаптарға сәйкес келеді. Қауіпсіздік белдіктері, апаттық шығу жол, жылдамдық шектегіштер мен сәйкестендіру белгілері және автобуста бала қалған жағдайда белгі беретін жүйемен қамтылған. Қаржы лизингі бағдарламасы бойынша ел өңірлеріне барлығы 515 мектеп автобусы жөнелтіледі. Өткен жылы 103 автобус Түркістан, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарына жеткізілген болатын.



ТӘБӘРІК

ЖЕТІ МЫҢ ТАРИХИ ҚҰЖАТ
шетелден елге қайтарылды

Құнды құжаттарда еліміздің тарихы туралы тың ақпараттар бар. Оларды қазір отандық тарихшылар мен ғалымдар зерттеп жатыр. Құжаттар Венгрия, Германия, Италия секілді және т.б. Еуропалық Одақ елдерінен әкелінген, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Telegram-арнасы.

Былтыр ғалымдарымыз 14 мемлекетке іздестіру-зерттеу жұмыстарымен барды. Олар жинаған құжаттар қатарында 445 фотосурет, 206 кітап және сирек қолжазбалар бар. Хронологиялық тұрғыдан 918–1990 жылдар аралығын

қамтиды. Қайтарылған құжаттар ҚР Ұлттық архивіне тапсырылды. Қазір Мәдениет және спорт министрлігі бірыңғай деректер базасын құру бағытында жұмыс жүргізіп жатыр. Бағалы тарихи құжаттарды тарату үшін фотоальбомдар, жинақтар, хронографтар, өмірбаяндық анықтамалықтар және басқа да пайдалы материалдар баспадан шығарыла бастады. «Археологтар мен тарихшыларымыздың жұмысы мұнымен бітпейді. 2025 жылға дейін қазақстандық ғалымдар шетелге тағы бірнеше экспедиция жоспарлап отыр», – деп атап өтті Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов.

ПЕДАГОГИКА

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ – ЕГІЗ

Балаларға арналған бағдарламалар тәрбиешілер үшін зор көмек



Менің мамандығым – тәрбиеші. Бала кезімнен осы мамандықты жүрегіме жақын баладым. Әсіресе, ананың мейіріміндей өзі де, өңі де жылы жандарды көрген сайын өзімнің де осындай маман болатыныма сенімді болдым. Шындығында, сенімім алдамаған екен. Таңғы шықтай тап-таза балбөбектердің бал қылығы, еркеліктері мен тентектіктерінің өзі мені қуантады. Жаныма жақын осынау мамандықты таңдағаныма қазір еш өкінбеймін.

Мектептен соң құрбыларымыздың бірі зангер, енді бірі дәрігер болғысы келіп, жан-жаққа білім ордаларына аттанғанда, мен де өз өмірімді балақайлармен байланыстырып қойған едім. Содан бері қиындығы мен қызығы мол тәрбиеші мамандығының қыры мен сырына бойлап, бала жанының бағбаны болып жүрмін.

Тәрбие мен білім – егіз. Балаларға білім мен ілім үйрету, тағылым алу да, тәлім-тәрбие беру де балабақшадан басталады. Демек, өмір бастауы – балабақша. Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – балабақша тәрбиешілерінің еншісінде.

Тәрбиешінің өмірі бір карағанда оңай сияқты көрінуі мүмкін. Әр сала бойынша жұмыстағы сияқты, тәрбиеші мамандығының да өзіндік қиындығы бар. Сол қиындыққа шыдау үшін балаға деген мейірімнің болса жетіп жатыр. Балақайлармен жұмыс істегеннен кейін барлық қиындықты ұмытып, тек қызықты сәттер ғана есте қалады

екен. Менің өмірден, өз тәжірибемнен түйгенім – топтағы тап-таза періштелерді көрген соң, барлық ұсақ-түйек тіршілік пен қиындық тыста қалады екен.

Жалпы, тәрбиеші балабақшаның жүрегі іспетті. Біздің басты мақсатымыз – балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапты екенімізді сезіну. Біз ең алдымен, ата-ана үшін алтыннан қымбат, көзінің ағы мен қарасындай болған баланың өміріне жауаптымыз. Осы ретте Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім берудің мазмұны мен сапасы бағытындағы соңғы бастамалары көңіл қуантады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа мемлекеттік стандарты мен үлгілік бағдарламаларының қабылдануы ұрпақ тәрбиесіндегі басты қадам болды. Мұнда баланың жан-жақты «толық дамуы» бірінші орынға қойылған. Сонымен қатар, мұнда интеллектуалды бағдар, ұлттық құндылық тәрбиесі, әлеуметтік-эмоционалды және физикалық даму да бар. Мәселен, баланың дамуына қатысты мақсатқа жету үшін стандартта бірқатар өзгеріс бар екен. Жалпы, бұрынғы стандартта балаларды тәрбиелеу мен оқытуда шектеу қою, белсенді ойындарға уақыттың жеткіліксіздігі, «партада» ұзақ отыру басым болса, жаңа стандарт мектепке дейінгі ұйымдарға ыңғайлы болуға, құндылықтар мен құзыреттіліктерді дамытуға және жас балалар үшін табиғи ойын үлгісін кенінен қолдануға бағытталған. Жаңаша ойнау мен ойлауды қатар қамтыған жаңа стандарттар, жалпы тәрбиелік бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар, құндылықтарға негізделген білім баланың мектепке дайындығына, алдағы білім жолы мен өмірінде жетістікке жетіп, жан-жақты дамуына нақты әсер етеді. Бұл, біздер, тәрбиешілер үшін де зор көмек.

Гүлнұр ОРЫНБАЕВА,
МКҚК №159 бөбекжай балабақшасы,
«Құлыншақ» тобының тәрбиешісі.

КҮНТІЗБЕ

НАУРЫЗ: қанша күн демаламыз?



2023 жылдың ақпан айы да аяқталып келеді. Алдағы наурыз айында қанша күн демаламыз?

Қазақстандықтар биылғы Наурыз айында мереке және демалыс күндерін қоса алғанда барлығы 12 күн демалады. Бұл айда екі ресми мереке – Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мерекесі бар. 8 наурыз сәрсенбіге сәйкес келеді. Бұл күні қазақстандықтар бір күн ғана демалады. Ал биылғы Наурыз мейрамы 21–23 наурыз аралығында аталып өтеді. Мереке сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндеріне түсіп тұр.

Сондықтан қазақстандықтар 3 күн қатар демалады. Демек, бұл аптада тек дүйсенбі мен жұма ғана жұмыс күндері болып есептеледі.

(Дереккөздер: primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі).